ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№73 (3398) 14 қыркүйек 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ИНФЛЯЦИЯНЫ УЫСТА ҰСТАУ – АРМАН

Үкімет алдағы жылдары инфляцияның нысаналы дәлізін тағы да белгілі деңгейде ұстауға құмбыл болып отыр. Атқарушы билік-тің айқындаған межесі бойынша бұл көрсеткіш 2022 жылы 4,0-6,0 пайыз, 2023–2024 жылдары – 4,0-5,0 пайыз, 2025–2026 жылдары 3-4 пайыз шегінде сақталмақ.

Бұл жөнінде өткен аптада Парламент Мәжілісінде 2022–2026 жылдарға арналған Әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы және 2022–2024 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы заң жобасының таныстырылымында Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмрин мәлімдеді.

(Соңы 5-бетте)

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ – ЦИФРЛАНДЫРУ

3-бет

ВИРТУАЛДЫ ҚАЗА

8-бет

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚЫСҚЫ СПОРТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ НЕГЕ АЗ?

Шымбұлақ тау шаңғысы курорты – тек Алматының ғана емес, күллі Қазақстанның әлемдік деңгейде танылған ең үздік брендтерінің бірі. Алайда алматылықтардың басым бөлігі мұнда басқа қала, облыстардан қонаққа келген туыс-туған, дос-жаран мен шетелдік меймандарды қыдыртқан кезде ғана келіп жататынын естігенде өзге жұрттар еріксіз бас шайқайды. Бұл бізде әлі күнге дейін туристік мәдениеттің ғана емес, қысқы спорттың да кенжелеп қалғанының нақты көрінісі деуге болады.

Мәселен, «Chimbulak development» ЖШС-нің клиенттік қызмет және сату бойынша менеджері Никита Олейниктің сөзіне қарағанда, әлемнің өзге елдерінде тау шаңғысы курорты бар қалаларда тұрғындардың 60 пайызы демалысын сонда өткізеді. Ал Шымбұлақ тау шаңғысы курортына жүргізілген маркетингтік зерттеулерге қарағанда, қаладан 40-45 минут жерде орналасқанына қарамастан онда алматылықтардың тек 3 пайызы ғана барады екен. Бұған ел тұрғындары арасында «тау шаңғысы курорттары тек сырғанауға арналған. Ал олардың жабдықтары мен арнайы киім-кешегі өте қымбат.

(Соңы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

БІРЕУДІҢ **СЫРҚАТЫ** БІРЕУДІҢ **НӘПАҚАСЫНА** АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК

Қайырымдылық ұғымын терең зерттеген ғұлама әл-Фараби: «Адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отырса, бүкіл ғалам қайырымды болмақ», – деген екен. Бірақ соңғы кезде жақсылықтан пайда тауып қалғысы келетіндер қатары көбейді.

Кез келген қоғамда әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдар болады. Әсіресе нарық заманында біреу ілгері, біреу кем тұрмыс кешіп жатыр. Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымының соңғы мәліметі бойынша әлемдегі орын алып жатқан соғыстар мен қақтығыстар салдарынан аш жүрген халықтың саны соңғы екі жылда 55%-ға артып, 124 млн адамға жеткен. 51 мемлекеттің 124 млн халқы күнделікті аштықпен арпалысады, олардың барлығы кез келген гуманитарлық көмекке мұқтаж. Бұдан басқа қаншама адам материалдық көмекке зәру. Осы жағдайларға байланысты мейірімді жандар – қауымдастықтар мен ұйымдар түрлі идеялар мен қозғалыстарды, бірлестіктер мен қорларды құруды қолға алды. Олар көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созуды мақсат етті. Нәтижесінде, жеке қайырымдылық жасайтындар, демеушілік пен меценаттық қолдау көрсететіндер және еріктілер қатары көбейді. Сонымен бірге, «қайырымды» алаяқтар да пайда болды.

Қайырымдылық әлеуметтік, экономикалық, тіпті, саяси салаларда да қоғамдық дамудың қозғаушы күші болып табылады. Бірақ елімізде жеке пайдасы үшін қайырымдылық атын жамылып, «көмекке мұқтажбын» деп елді алдайтындар саны көбейіп барады.

(Соңы 3-бетте)

БАЛАЛАР ҚАЙҒЫСЫНАН ҚАРЖЫ ТАБАТЫНДАРҒА ҚАШАН ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ?

ОЙТАЛҚЫ

Серікхан ӘДІЛҒАЗЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы:

– Қазіргі уақытта қолма-қол ақша жинайтын қайырымдылық қорларын бақылау қиын. Заң талабы бойынша кез келген қор қызметкері мен еріктілерде арнайы құжат болу керек. Сондықтан қайырымдылық қаржыны тек қана банк шоты арқылы аударған жөн. Тұрғындар қайырымдылыққа аударған ақшасын бақылауға құқылы. Дегенмен, елімізде қайырымдылықты бақылайтын жүйе мен арнайы мекемелер жоқ.

Қазақстан Республикасында қайырымдылық үшін ақша жинау тәртібі 2015 жылғы 16 қарашадағы «Қайырымдылық туралы» заңымен реттеледі. Алайда, заңда қайырымдылық жұмыстарын бақылаушы, жүйелеуші мекеме көрсетілмеген. Аталған заңға сәйкес ақша жинауға арнайы қорлар, қоғамдық бірлестіктер, осы салада маманданған, сондай-ақ әділет органдарында ресми тіркелген ұйымдар құқылы болып табылады. Бүгінде елімізде ресми тіркелген 33 қайырымдылық қор жұмыс істейді.

Кешеде көмек сұраған біреуге тиын тастасақ «қайырымдылық» деп есептейміз. Әрине, бұл жай ғана көмек қолын созу. Бірақ сол тиын шынымен қайырымдылыққа жұмсала ма? Өйткені, елімізде қайырымдылықпен айналысып, өзге балалардың қайғысынан қаржы табатындар көбейді. Ал оларға заң бойынша тосқауыл қойыла ма?

Нұрболат АЙЕКЕШОВ, әлеуметтанушы:

– Соңғы кездері елімізде қайырымды жандардың жомарттығын пайдаланып, «қайыршылық» жасап жүргендер жоқ емес, тіпті, көбейіп бара жатыр. Мемлекет елімізді қайыршылар еліне айналдырып алмаудың алдын алып, көшеде қайыр сұрауға тыйым салған заң шығарып еді, қайыршылықтың мәдениетті түрі белең алды. Яғни, ендігі кезде көмек сұраушылар көшеде қол жайып жүрмей, қайырымдылық жәшігін құшақтап немесе сауда орындарына жәшігін қалдырып кететінді шығарды. Олар көбіне мұндай ақша жинауға жас балаларды тартып, адам көп жиналатын жерлерде материалдық көмекке мұқтаж адамның деректері бар мөлдір қорапты көрсету арқылы жүзеге асыруда. Демек, ауру балаға ақша жинау әдісін пайдалана отырып алаяқтар жеңіл табыс табуды мақсат етеді. Мұндай әрекеттің шынайы немесе жалған екенін білу үшін олардан сенім хат пен тиісті құжаттарды талап етуге болады. Егер де орталықтанған жүйе болса, барлығы ашық әрі заңды болады. Мәселен, көмекке мұқтаж адам арнайы тексерулерден кейін деректер қорына тіркеледі.

(Соңы 3-бетте)

ОҢ ҚАДАМ

БАСПАНА МӘСЕЛЕСІН ШЕШУГЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті жолдауын жария етті. Бұл жолғы жолдауда Мемлекет басшысы зейнетақы жинағы жеткіліктілік шегінен асқан азаматтарға артық қаржысының бір бөлігін «Отбасы банкіндегі» есепшотқа аударуына рұқсат беруді тапсырды. Президенттің айтуынша, бұл шара халықты қаражат жинау және оларды сауатты басқаруға үйретеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр? Зейнетақы қорына тұрақты жарна аударып тұратындар неден үміттене алады? Көпшілік көкейіндегі сауалдардың жауабын «Отбасы банк» АҚ Басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимовадан білген едік.

– Жалпы, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын қолдану бастамасының оң динамикасын атап өтті. «Отбасы банк» («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) Президенттің бастамасын қолдайды. Себебі, бұл бірінші кезекте жас қазақстандықтарға тұрғын үйге тезірек қол жеткізуге көмектеседі.

Бүгінде елімізде жыл сайын 120 мыңға жуық жас отбасы қатарға қосылады. Алғашқы жылдары ерлі-зайыптыларға жеке пәтер немесе үй алу үшін қаражат жинау оңай емес. Олар қолдауға зәру. Осы орайда Мемлекет басшысының бастамасы аса қажет шешім болды. Бұл қазақстандықтарға «Отбасы банкінде» ақша жинау мерзімін іс жүзінде екі есе қысқартуға және қоныс тойын әлдеқайда ертерек тойлауға мүмкіндік береді. Біздің бағалауымыз бойынша, алғашқы жылы бұл мүмкіндікті 190 мыңға жуық жас отбасы пайдалана алады. Сондай-ақ, 15 мың отбасы жыл сайын депозит ашатын болады, – деді Басқарма төрайымы.

Ләззат Еркенқызының айтуынша, қазіргі кезде 250 мыңға жуық қазақстандық «Отбасы банк» арқылы жалпы көлемі 1,4 триллион теңгеден астам сома зейнетақы жинақтарын пайдаланған. Олардың жас шамасын алсақ, бұл мүмкіндікті 36-45 жас аралығындағы азаматтар (46,1%) көбірек пайдаланған, ал 26-35 жас аралығындағылардың үлесі 18,5% құрайды. Ал 18-25 жас аралығындағы салымшылардың 0,2% ғана зейнетақы қорынан қаражаттарын алған.

«Отбасы банк» АҚ Басқарма төрайымы Мемлекет басшысының жаңа бастамасы жағдайды жақсы жаққа өзгертеді және қазақстандық отбасылардың әлдеқайда көп бөлігінің баспана мәселесін шешуге жол ашады деген сенімде.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

МЕМОРАНДУМ

КОМИССИЯ ДАУДЫ БІТІММЕН ШЕШУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Кез келген дауды бітіммен, ортақ келісіммен шешкен ұтымды. Сол сияқты сот актілерін орындау сатысында татуластыру рәсімдерін қолданудың да артықшылығы аз емес. Осыған орай жақында Атырау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы және Атырау облысы Әділет департаменті, облыстың жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы мен «Халықаралық медиация орталығы» РҚБ Атырау облысы бойынша өкілдігі арасында төртжақты меморандумға қол қойылды. Келісім бойынша құзырлы орындар әкімшілік сот актілерін орындау сатысында татуластыру рәсімдерін қолдануда ынтымақтаса жұмыс істемек.

Іс-шараға Атырау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Анаргүл Салихова, Атырау облысы Әділет департаментінің басшысы Асулан Кәрімов, «Халықаралық медиация орталығы» РҚБ басшысы Гүлбаршын Марданова, Атырау облысының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы басшысының міндетін атқарушы Күләнда Қыстаубаева қатысты.

Әкімшілік әділетті дамытуды көздейтін меморандум аясында дауларды шешудің балама әдістерін қолдану тәжірибесін кеңейту, атқарушылық іс жүргізу сатысында жанжалдарды азайту көзделіп отыр.

Әділет департаментінің басшысы А.Кәрімов іс-шараның маңыздылығын атап өтіп, қол жеткізілген келісімнің нәтижелі жүзеге асырылуына сенім білдірді. Сот алқасының төрағасы А.Салихова МАӘС-қа келіп түскен талаптардың 30 пайызынан көбі сот орындаушылардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айтуға қатысты екеніне назар аударды.

Жиында сөз алған медиатор Г.Марданова мен ЖСО өңірлік палатасының өкілі К.Қыстаубаева аталған меморандумға қол қоюдың маңыздылығын атап өтіп, іс-шараны ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Кездесу барысында сот алқасының төрағасы А.Салихова аталған меморандумның шарттары мен міндеттерін сапалы орындау үшін ай сайын осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәліметтерді ортаға тастап, пікір алмасып отырудың маңызды екенін жеткізді. Кездесуге қатысушылар төрағаның бастамасын қолдады, өйткені, бұл қол жеткізілген келісімді іс жүзінде сәтті жүзеге асыруға ықпал етеді.

Алға қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында Атырау облысы ЖСО өңірлік палатасы және Әділет департаментінде сот орындаушылардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым бойынша татуластыру рәсімдерін қолдану үшін ерікті және өтеусіз негізде тұрақты әрекет ететін комиссия құрылды.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

КЕСЕЛ

Арақ – ұлтты азғындатушы, ұрпақты аздырушы. Ішімдіктің ағзаға қаншалықты зиян екені аз айтылып жүрген жоқ. Расында арақ ақылдан айырады, жақыныңды жат етеді, адамдықтан кетіреді. Бұған мысалды айналамыздан оңай табуға болады. Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, елімізде орын алатын қылмыстарға көбіне-көп арақ кінәлі. Арақ-әзәзілдің тіліне еріп ағаттық жасаған, қылмысқа жол бергендердің көпшілігі мастығын, жастығын алға тартып жатады. Алайда, қанша ақталсаң да сылтаудың ешқайсысы жазадан құтқармайды, айыбыңды жеңілдетпейді.

АРАҚ АДАМДЫҚТАН КЕТІРЕДІ

Өкінішке орай, небір жалындаған жастар арақтың кесірінен бағдарынан жаңылып, жастық шағын темір торда өткізуде. Ал бұл жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның қасіреті. Сондықтан да ішімдіктің зиянын бала санасына сіңіру, жастарды араққа үйір болудан сақтандыру үлкен қылмыстардың орын алуына жол бермейді. Алкогольдік ішімдік сатуға белгілі бір шектеулер қойып, жастарды жаман әдеттен жирендіру мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізудің, заңдық жауаптылықты көтерудің сыры осында.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 200-бабында алкоголь өнімін өткізу жөніндегі талаптарды бұзғандардың жауаптылығы дәйектелген. Осы баптың 1-бөлігіне сәйкес жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға алкоголь өнімін өткізгендерге заңдық шара қолданылады. Заңнамада көрсетілгендей жасөспірімдерге алкоголь өнімін саудалаушылардың лицензиясы тоқтатылып, жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Мұндай пәрменді шара жастардың денаулығын қорғау үшін ғана емес, сананы улаудан болатын жамандықтардың алдын алу үшін керек. Өйткені, арақ ішкен кезде жастар тұрмақ, үлкендердің өзі жасаған әрекетіне есеп бере алмайды. Соған орай, жастарға ішімдік сатқандарға жауаптылықтың енгізілуі өте пәрменді, дұрыс қадам. Әрине, заңдық тұрғыда тыйымның барын біле тұра сауда нүктелерінде жасөспірімдерден жеке куәлігін талап етпей, жасын сұрамай алкоголь өнімін сататындар әлі де кездеседі. Кәсіп иелері жас ағзаның алкогольден улануына емес, өз қалтасының толып, пайдасының өскеніне көбірек мән береді.

200-баптың 2-бөліміне сәйкес жоғарыдағы құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағандарға қолданылатын жаза белгіленген. Яғни, қайталап заң бұзғандар алкоголь өнімін сату лицензиясынан айырылып, жеке тұлғалар – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілері – сексен, орта кәсіпкерлік субъектілері – бір жүз қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері бір жүз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

Қоғамда жиі орын алатын заң бұзушылықтың бірі осы баптың 3-бөлігін бұзудан көрінеді. Яғни, алкоголь өнімін сағат 23-тен келесі күнгі сағат 8-ге дейін; этиль спиртінің көлемді үлесі отыз пайыздан асатындарын сағат 21-ден келесі күнгі сағат 12-ге дейін бөлшек сауда арқылы өткізуге де заңмен тыйым бар. Бұл талапқа бағынбағандардың лицензиясының қолданысы тоқтатылады және жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Алайда, алкоголь өнімін сатушыларға қатысты жауаптылық қатайтылғанымен, заң бұзушылық мүлде жойылып кетті деп айта алмаймыз. Мысалы 2021 жылдың өткен жеті айы ішінде біздің сотқа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 200-бабы бойынша 84 іс түскен. Осы уақытқа дейін бұл істердің бәрі қаралып, нәтижесінде 5 іс қысқартылып, 79 іс бойынша кінәлілерге айыппұл салынған.

Осы деректің өзі алкоголь өнімін сату үрдісі әлі де тыйылмай отырғанын, кәсіпкерлер заңдық талапты ескере бермейтінін көрсетіп отыр. Сондықтан бұл бағытта түсіндіру жұмыстарын жандандыра берген жөн. Әсіресе «ішімдіксіз ауыл» деген оң бастамамен ауылдарында алкоголь саудасына түбегейлі тыйым салған, сол арқылы қылмыстың алдын алған ауылдардың ісін баршаға үлгі еткеніміз абзал. Мұндай нәтиже ауыл ішіндегі ақсақалдардың беделіне, сөзін көпшілікке тыңдата алатынына байланысты. Барша ауылдарда осындай өз айтқанына ұйыта алатын ақсақалдар көбейіп, арақ саудасына тосқауыл қойған жағдайда елдегі қылмыс саны да кемитіні күмәнсіз.

Айнұр ДЖУНДИБАЕВА,
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ХАЛЫҚ САНАҒЫ

САНАҚҚА ОНЛАЙН ҚАТЫСУҒА ЫНТАЛЫЛАР КӨП

Қазақстанда ұлттық халық санағы әр 10 жыл сайын өткізіледі. 2009 жылдан кейін ұлттық санақты өткізу 2019 жылға жоспарланғаны белгілі. Алайда коронавирус індетінің таралуы үлкен шараның өз уақытында жүзеге асуына кедергі келтірген еді. Президент жанындағы реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің шешімімен ұлттық санақты биыл өткізу белгіленген болатын. Бүгінде маңызды шара өз ретімен жүзеге асуда.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше Қазақстанда екі миллионнан астам адам санаққа онлайн қатысып үлгерген. Олардың 1 756 002-сі sanaq.gov.kz сайтында, 203 672-сі Egov порталында тіркелу арқылы жауап берсе, 82 202 адам санаққа Aitu қосымшасы арқылы қатысқан.

12 күннің қорытындысы бойынша Алматы облысы алда тұр. Онда 204 805 тұрғын санақтан өткені туралы хабарлама алған. Онлайн санақтан өткен тағы 194 697 адам Алматы қаласында тіркелген. Үздік үштікті 173 847 адаммен Қызылорда облысы түйіндеді. Ал әзірге соңғы екі орында 46 191 және 35 542 адаммен Маңғыстау, Атырау облыстары еншілеп отыр. Жалпы, жергілікті халық санына шаққандағы санақтан өткендердің үлесі бойынша Қызылорда облысы алда тұр. Онда азаматтардың 21,1 пайызы сауалдарға жауап берген. Бұл көрсеткіш бойынша Павлодар облысы екінші орында. Онда тұрғындардың 17 пайызы санақтан онлайн режимде өткен.

Онлайн санақтан өтпегендер үшін 1-30 қазан аралығында үйлерді аралап, санақ жүргізу басталады. Дәстүрлі кезеңнің басты жаңалығы санақ жүргізетін қызметкерлер электронды планшеттерді қолданады. Санақ кезінде қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы халықтың нақты саны, жас құрамы, жыныстық құрамы, урбанизация дәрежесі туралы нақты мәлімет алу мүмкіндігі туады.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

КІТАПХАНАШЫЛАР ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

1 қыркүйек күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты кезекті жолдауын жариялады. Жолдауды Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұжымы да тыңдап, көтерілген мәселелерді талқыға салды. Бір жарым сағатқа созылған жолдауда Президент ауыл шаруашылығы, су және электр тапшылығы, шағын бизнес, тұрғын үй , мемлекеттік тіл және тағы да басқа маңызды тақырыптарды қозғады. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы ең төменгі жалақыны қайта қарау керектігін айтты. Соған орай 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 42500-ден 60 мың теңгеге дейін ұлғаймақ.

2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет музей қызметкерлері мен кітапханашылардың жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады. Бұл ағарту саласында тынымсыз еңбек етіп жүрген мамандар үшін үлкен қолдау, ерекше қуаныш. Сондай-ақ, жолдаудан мемлекеттік тіл мәселесі де сырт қалмады. Президент болашағын Қазақстанмен байланыстыратын әрбір адам қазақ тілін үйренуі керектігін қадап айтты.

«Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсету басты міндеттердің бірі. Алайда қоғамда патерналистік көңіл-күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белең алды. Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды әдейі жеке мүддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес. Мұндай адамдар кез келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек», – деді Президент. Расында, Мемлекет басшысы қоғамның бүгінгі келбетін дәл айтқан. Шынында, тұрақты қолдаудың жасалуы мемлекеттен ала берсем деген тоғышарлық көзқарас қалыптастырғаны талассыз. Ал көмекке шынымен мұқтаж жандар, өкінішке қарай, әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатыр. «Әрине, біздің елдің мүмкіндігі зор. Бірақ оның да шегі бар. Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз еңбегімен табыс табу қабілетінен айырады. Мұндай жағымсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады. Сондықтан бізге түбегейлі өзгеріс керек», – деді Президент.

Ол заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс екенін атап өтті. Қазір әзірленіп жатқан әлеуметтік кодексте осындай дүниелерге барынша назар аударылмақ.

Шырайлым ОРАЛБАЙҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ТҮЙТКІЛ

БІРЕУДІҢ СЫРҚАТЫ БІРЕУДІҢ НӘПАҚАСЫНА АЙНАЛМАУЫ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әсіресе ірі сауда орталықтарының алдында науқас балалардың еміне деп қаржы жинаушыларды жиі кездестіресіз. Әлеуметтік желілерде де халықтың мейірімін пайдаланып, жоқ адамның атынан ақша жинау тыйылар емес. Одан қалса оқырманы көп блогерлер мен танымал тұлғаларды араға салу да сәнге айналды. Тіпті, қазіргі кезде қайырымдылық жасау телефонның бірнеше батырмасын басумен-ақ шешілетін болды. Есепшот деректері болса, мобильді қосымша арқылы үйде отырып, ақша аударасыз, одан бөлек ғаламторда «краудфандинг» деп аталатын ақша жинау мүмкіндігі бар. Шындығында шын жанашырлар мен алаяқтарды ажырату қиын болып қалды.

Заңгер Айжан Молдағалиева бұл туралы: «Қазіргі уақытта қолма-қол ақша жинайтын қайырымдылық қорларын бақылау қиын. Заң талабы бойынша кез келген қор қызметкері мен еріктілерде арнайы құжат болу керек. Тұрғындар олардан құжат сұрамайды. Ауру бала деп мойындарына іліп алған суретке қарап ақша бере салады. Ал белгілі бір қорларға аударған ақшаны бақылауға болады. Қорлардың сайтында кез келген сырқат балаға аударылған ақша туралы толық мәлімет тұрады. Сонымен қатар, адамдар қормен жұмыс істейтін банкке барып, өзі аударған қаржының қайда жұмсалғанын біле алады», – дейді.

Осылайша, қайырымдылық саласында жүрген мамандар мен заңгерлердің айтары біреу: қайырымдылық қаржыны тек қана банк шоты арқылы аударған жөн. Бірақ құжаттарын да тексеруді ұмытпау керек. Ең болмағанда ақша жинаушының куәлігін сұрау қажет.

Таяуда ел Парламентінде «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне волонтерлер қызметі және қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралған болатын. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда қайырымдылықтың дамуын тежейтін бірқатар проблема бар: біріншіден, Қазақстанда қайырымдылық тиімді ынталандырылмайды. Жақсылық жасайтын адамдарға салмақты жеңілдік қарастырылмаған. Екінші мәселе – қайырымдылық мәдениетінің жоқтығы. Үшінші мәселе – қолданыстағы «Қайырымдылық туралы» заңды тәжірибеде қолдану кезінде проблемалар туындаған. Төртіншіден, қоғам тарапынан қайырымдылық ұйымдарына сенім жоқ. Бұл түйткілдер кешенді заңнамалық реттеуді талап етеді. Ал жаңа заң жобасы «Қайырымдылық туралы» заңын жетілдіруге бағытталған екен.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» деген екен дана халқымыз. Әрине, жақсылық жасап жарысып, қолында болса бөліскенге не жетсін?! Дегенмен, қайырымдылық бұл алаяқтың қалтасын қампайтып, қоржынын толтыру емес. Біреудің сырқаты біреудің нәпақасына айналмау қажет.

Сіз не дейсіз?

Бауыржан АЙТКАРИМОВ, «Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қорының төрағасы:

– Қайырымдылық жасау үшін асқан дәулет емес, жүректегі мейірім мен адал ниетің болса жеткілікті. Қайырымдылық дегеніміз – өзіндегі бар жақсылықты, бақытты өзгемен шынайы әрі риясыз көңілмен бөлісе алу. Ол материалдық немесе моральдық тұрғыда болсын, бастысы шын ниетпен жасалған әрбір қайырлы амалды қайырымдылық деп білемін.

Бүгінде елімізде қайырымдылықпен арнайы айналысатын қорлар бар. Олар қоғам мүшелерінің барлық сегментінің проблемасын жақсы біледі. Әрине, арасында қордың атын жамылып жұмыс істеп жүрген алаяқтар да кездеседі. Ал халықтың қорға деген сенімі нақты көрсеткішке қарап қалыптасады. Ол үшін қордың есепшотына түскен қаржының бәрі қайырымдылық жобаларына бағытталған және халыққа есеп берілген болу керек.

«Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қоры да қайырымдылықпен жиі айналысып тұрады. Біздің мақсатымыздың бірі қиын жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік және қаржылай көмек көрсету. Жыл сайын арнайы бір уақытта жетімдер, ата-ана қарауынсыз қалғандар, мүгедектер және емге мұқтаж, ауыр сырқатқа шалдыққан балаларға қолымыздан келгенше көмек көрсетіп келеміз. Әсіресе, карантин кезінде жалғыз тұратын немесе денсаулығы және әлеуметтік жағдайына байланысты көмекке мұқтаж адамдарға ерекше көңіл бөлуге тырыстық.

Жалпы, қайырымдылықпен кез келген адам айналыса алады дейміз гой. Бірақ қазіргі уақытта қайырымдылық әлемнің іскер адамдары арасында да трендке айналған. Ол дүнежүзінде бар тәжірибе. Мәселен, қазақстандық компаниялардың біразы қайырымдылықты промо-акцияға айналдыра бастады. Мереке қарсаңында немесе тоқсан сайын сауда үйлері «Тауар бағасының 20 пайызы жетім балалар үйіне жұмсалады» деп жарнама жасап жатады. Қазір қайырымдылық үшін кез келген адам тиын-тебенін суырып бере салмайтыны рас. Ал сауда үйлерінің мұндай бағыттағы промо-акциялары қоғамның да, кәсіпкерлердің де оң жамбасына дөп келіп тұр. Бұл тұста кәсіпкерлер пиар жасағаннан бұрын, жанама түрде болса да көмекке мұқтаж жандарға қол соза алды деп айтар едім.

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚЫСҚЫ СПОРТҚА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ НЕГЕ АЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан онымен тек байлар айналысады. Шымбұлақта демалатындардың да көбі шетелдіктер екен» деген түсінік басым.

Бұл қарапайым халықтың кінәсі емес. Оған тұрғындарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп, түсіндіру жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізе алмай отырған жергілікті әкімдіктер мен Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктері кінәлі. Бұған тау шаңғысы курортының өзіндік ерекшелігіне терең бойлай алмай, елге қате ақпаратты таратып отырған бұқаралық ақпарат құралдарының, туроператорлар мен спорт қауымдастықтарының да қатысы бар.

Мәселен, елімізде 2011 жылы өткен VII қысқы Азия ойындарынан кейін қала әкімдігі үлкен жиын өткізіп, Алматыны көршілес Ресей мен Қытайдың ғана емес, Орталық Азияны былай қойғанда Корея, Жапония, Малайзия, Сингапур сияқты Азияның өзге де елдерінен туристер ағылатын үлкен орталыққа айналдыратынын айтты. Бұған Көкжайлауда салынатын курорттың серпін беретінін және шетелдік инвесторлар тарапынан қызығушылық танытып жатқандар көп екенін жеткізіп, жаһанға жар салған еді. Алайда табиғат жанашырларының сеніміне ие бола алмаған бұл жоба аяқсыз қалды. Нәтижесінде өзге жаңа нысан тұрмақ, 2011 жылғы Азияда мен 2017 жылғы Универсиада ойындарына арнап салынған «Сұңқар» халықаралық трамплиндер кешені, «Алатау» шаңғы және биатлон кешені өзін-өзі ақтай алмайтын күйге түсті. Ал ақпарат, білім, мәдениет, спорт, туризм, экономика және қаржы салаларына жауапты органдар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара алмағандықтан қысқы спорттың ғана емес туризмнің жағдайы да әлі күнге еш мандымай отыр. Оны Туризм индустриясының ұлттық қауымдастығының ұйытқы болуымен Алматы қаласындағы туроператорлардың Шымбұлақ тау шаңғысы курортында ұйымдастырылған ақпараттық турында да айқын аңғардық. Ішкі және сыртқы туризмнің ең белсенді қатысушыларының өзі мұндай шараның алғаш рет ұйымдастырылып отырғанын, курорт аумағындағы инфрақұрылымның да өздері барыс-келіс жасап жүрген бірқатар елдерден еш кем түспейтінін көріп, қайран қалды.

Қазіргі таңда республикадағы тау шаңғысы спортын дамыту қолға алынған нысандарды санаған кезде ірілі-ұсағын түгел қосқанның өзінде қолдағы он саусақ та толмайды. Ал олардың қызығушылық танытқан демалушыларды толық қабылдап, жатын орынмен қамтамасыз етудегі әлеуеті әзірге көңіл көншітпейді. Біз жоғарыда сөз еткен еліміздегі ең ірі тау шаңғысы курорты саналатын Шымбұлақтың өзі қысқы маусымда жаяу серуендеушілерді қосқанда күніне тек 2-3 мың адамды ғана қабылдай алады. Одан асып кеткен жағдайда демалушылар өзін қолайсыз сезіне бастайды. Мұндағы 3 қонақ үй жалпы саны 150-160 адамды ғана жатын орынмен қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда 1 адамға тәулігіне бағасы 9 мыңнан 60 мыңға дейін жететін хостел мен люкс бөлмелер шетелдік демалыс орындарымен салыстырғанда қолжетімді боп тұрғанымен, жылдың барлық уақытында бірдей толық сұранысқа ие бола қоймайтынын жасыруға болмас.

– Біз 2016 жылдан бері қаладағы әлеуметтік бағдарламаларға да қатысып жүрміз. Мәселен, орта білім беретін мектеп оқушыларын қысқы спортқа баулып, орта есеппен әр маусымда 1-1,5 мың адамды тегін үйретеміз. Оларға қажетті құрал-жабдықтармен, инструкторлармен және Медеуден Шымбұлаққа дейінгі аспалы, одан кейін сырғанау алаңдарына көтеретін жабдықтың жол билеттерімен қамтамасыз етеміз. Ал туризм басқармасы өз тарапынан қысқы спортпен айналысқысы келетін оқушыларды ұйымдастырып, топтастыруға көмектеседі, – дейді Никита Олейник. Оның айтуынша, тау шаңғысы спортында Қазақстан жағдайында қызмет көрсету бағасын тұрақтандыру өте қиын. Оның ең негізгі құрал-жабдықтарының бәрі Еуропа елдерінен алынады. Сондықтан ондағы қызмет көрсету талабы да Еуропадағы стандартпен сәйкес болуы қажет.

Теңгемен есептеген кезде инфляциялық өсімге байланысты отандық демалыс орындары әрдайым қызмет ақысын үздіксіз өсіріп отыруға мәжбүр. Елімізде қысқы спорт түрлерін дамытуға қолайлы таулы жерлер жеткілікті болғанымен, сырғанау аймақтары өте аз. Тіпті Шымбұлақтың өзінде арнайы әзірленген трассалардың жалпы ұзындығы 16 шақырымды ғана құрайды. Оған кәсіби шаңғышыларға арналған арнайы дайындалмаған тәуекелі жоғары трассаларды қосқанның өзінде 25 шақырымнан әрең асады.

– Осыған қарамастан қазір арнайы дайындалған трассалардың бойына жарық бағаналарын тұрғызып жатырмыз. Соның нәтижесінде биыл қысқы маусымда түнгі уақытта сырғанау аймағын 2 есе ұлғайтатын боламыз. Бұрын келушілер орта бекеттен сырғанаса, енді ең жоғарғысынан бастап сырғанауға мүмкіндік болады. Ал сырғанау трассаларын ұлғайтуға қатысты болашаққа жоспар құруға қазір ерте. Ол бізге ғана емес, мемлекеттің қатысуына да байланысты мәселе, – деген «Chmbulak development» ЖШС-нің клиенттік қызмет және сату бойынша менеджері Шымбұлақ тау шаңғысы курорты еліміздегі өзге спорттық нысандарды ешқашан өзіне бәсекелес санамайтынын ашық айтып отыр.

Шынында да қазір олардың өз күшімен шаңғышылар санын ұлғайту мүмкіндігі өте шектеулі.

МАМАН МІНБЕРІ

Бауыржан ДОСҚАРАЕВ,
спорт саласын зерттеуші ғалым, профессор:

– Тау шаңғысы Қазақстанда ешқашан басымдыққа ие спорт түрі болған емес. Қазіргі жағдайда болуы да неғайбыл. Өйткені спорттық базаны былай қойғанда, оған қажетті мамандарды дайындаудың өзі әлі толық бір жүйеге түспеген. Тіпті, Шымбұлақтың өзі шын мәніндегі тау шаңғысы курорты дәрежесіне әлі толық жете қойған жоқ. Бұл 2017 жылғы қысқы универсиада ойындары кезінде көрініп қалды. Мұнда тау шаңғысы спортының кейбір түрлері бойынша әлі күнге дейін трассалар жасалмаған. Әлемдік тәжірибе бойынша тау шаңғысы курорты болу үшін бес жұлдызды қонақ үйдің талабына енетін теннис корты, жүзу бассейні және тағы басқалары болуы керек. Ал Шымбұлақта оның бәрі бірдей табыла бермейді.

АҚШ, Жапония, Корея сияқты елдерде әрбір спорттық нысан мұқият зерттеліп барып салынады. Сондықтан олардың кейбіріне жұмсалған қаржы бірнеше жылда-ақ кері қайтарылып жатқанын естіп, біліп отырмыз. Бізде бәрі керісінше. Салып алып, сосын не істейміз деп жүреміз. Мәселен, Дәулет Тұрлыханов спорт агенттігінің төрағасы болып жүргенде Алматыдан 19 шақырым жерден Олимпиадалық қалашық салды. Онда қысқы спортты дамытуға қажеттінің көбі бар. Шатырына дейін жабылып, тек кейбір жұмысы аяқталмай қалса да оны қазір ешкім есіне алғысы келмейді. Қысқы Азия мен Универсиада ойындарын өткізген кезде жаңа нысан салып әуре болмай, соны аяқтау керек еді. Алайда ешкім оған бас ауыртқысы келмеді. Қазір Швейцарияны былай қойғанда, Африканың өзінде 7 қысқы спорт курорттары бар. Көршілес Қытай оншақтысын салып тастады. Біз болсақ, бұл салада әлі бір шешімге келе алмай, бірімізді-біріміз тыңдамай жүрміз. Мұндай жағдайдан кейін әрине, туризм туралы әңгіменің де бәрі шикі болатыны түсінікті.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОЙТАЛҚЫ

БАЛАЛАР ҚАЙҒЫСЫНАН ҚАРЖЫ ТАБАТЫНДАРҒА ҚАШАН ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Серікхан ӘДІЛҒАЗЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы:

– Олар белгілі мақсатта, яғни мұқтаж жандарға қол ұшын созу үшін еріктілердің көмегіне сүйенуі немесе дүкендерге көмек жәшігін қоюы мүмкін. Алайда, оның қаншалықты заңды немесе заңсыз екенін жарғыларынан көрсе болады.

Қайырымдылыққа заңсыз ақша жинағандарға қылмыстық және әкімшілік заңнамалар бойынша жауаптылық белгіленген. Ең көп кездесетін құқық бұзушылықтар Қылмыстық кодекстің 190-бабымен реттелетін алаяқтық белгілері, сондай-ақ қоғамдық орындарда тиісу – ӘҚБтК-нің 449-баптары бойынша қаралады. Яғни, қоғамдық орындарда заттарды өзгеше тәсілмен сатып алу, сату, айырбастау немесе иемдену мақсатында кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын адам жасаған, сондай-ақ, бал ашу, қайыршылық, сексуалдық сипатта қызметтер көрсету не өзге де қызметтер көрсетуді күштеп таңу мақсатында тиісу, яғни мазалап өтініш білдіру – жеке тұлғаларға ескерту жасауға немесе 5 АЕК (14 585 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін азамат бір жыл ішінде қайталап осы әрекеттерге барса – 10 АЕК (29 170 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға немесе 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Ал, егер ол шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болса – 5 АЕК, немесе 5 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға немесе Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады.

Тағы бір айта кететін тұсы, «Қайырымдылық туралы» заңның 7-бабына сәйкес қайырымдылықты үйлестіру және бақылау жасаушылар жергілікті атқарушы органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын өзінің есептерін жариялауға міндетті. Дегенмен, жалған қайырымдылықпен айналысқандарды құрықтайтын нақты заң жоқ.

Нұрболат АЙЕКЕШОВ, әлеуметтанушы:

– Жәрдем берушілер сол деректер қорынан қарап, тиісті мекемеге хабарласып, көмектеседі. Атқарылған шаралар мен жиналған ақшаның қайда жаратылғанын да сол жерден көріп отыруға болады.

Жалпы, қайырымдылық қазақ халқының қанында бар қасиет қой. World Giving Index халықаралық рейтингіне сүйенсек, Мьянма ең көп қайырымдылық жасалатын елдер қатарында екен. Одан кейін Индонезия, Кения елдері. Өзіңіз байқап отырғандай аталған елдердің барлығы соншалықты бай елдер емес. Ал Қазақстанның көрсеткіші 87 орында тұр. Бұл рейтингтен нені көруге болады? Яғни, қайырымдылық жасауға мемлекеттің экономикалық даму көрсеткіші еш әсер етпейді. Мұнда менталитеттің де әсері бар дер едім. Дегенмен кейбір сарапшылар қайырымдылықтың даму деңгейі елдің жалпы әлеуметтік-экономикалық өркендеу дәрежесіне тікелей байланысты деп айтады. Халықтың әл-ауқат деңгейі жоғары, бизнес секторы мықты және тұрақты болған сайын, қайырымдылық қызметінің қалыптасуына және дамуына тиімді жағдай болады. Ал Қазақстандағы қайырымдылық институты әлі де қалыптасу үстінде деп ойлаймын.

Сауалнаманы дайындаған Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

ЖОЛДАУ — ЖОЛБАСШЫМЫЗ

Жолдау – ел өміріндегі маңызды құжат. Мемлекеттің бүгінгі ахуалына талдау жасап, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуды, елдің кедергісіз дамуын қамтамасыз етуді көздейтін бұл құжат кемшілік пен жетістіктің, серпіліс пен шегіністің өлшемі іспеттес. Жолдау – халық тілегін орындауға, көпшіліктен түскен ұсынысты шындыққа айналдыруға арналады. Көпшіліктің жаңа жолдауды қызығушылықпен күтетіні де сондықтан.

Бүгінгі күнге дейін тәуелсіз ел өмірінде 24 жолдау жария етіліп, мемлекеттің ертеңіне қатысты тағдыршешті тапсырмалар берілген екен. Ең алғашқы жолдаудың 1997 жылы жарыққа шыққаны белгілі. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бұл тарихи сәт туралы «1997 жылы 10 қазанда еліміздің Парламентінде Қазақстан халқына арналған ең алғашқы Жолдауыммен шығып сөйледім. Халыққа жолдау деген идеяның өзі ұнады, оның ел құлағына сіңісті болып кеткеніне қуанамын. Қазір жыл сайынғы Президенттің Қазақстан халқына жолдауы дәстүрге айналды. Онда бұл нағыз керектінің өзі болды. Республиканың барша халқына, барлық азаматтарына үн тастай отырып, біз стратегияның ерекше рөлі мен мәртебесін атап көрсеттік» дегені есімізде.

Расында содан бері Мемлекет басшысының жыл сайын жолдау жариялап, халық алдына шығуы қалыпты үрдіске айналды. Бұл Президенттің өзіне сенім артқан елмен ашық диалог орнатып, атқарылған істер бойынша есеп беруіне, алдағы жылы орындалуы тиіс іс-шаралардан хабардар етуіне жол ашты.

Осы үзілмей келе жатқан үрдіспен жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті жолдауын жария етті. Биылғы құжат «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» деп аталды. Бұл Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстанның дамуына қатысты жария еткен үшінші жолдауы.

Биылғы жолдаудың қамтыған аясы кең, көтерген мәселелері қомақты. Онда – пандемия кезінде денсаулық саласын жандандыру, білім беру ісіне айрықша көңіл бөлу, жұмыссыздықтың алдын алу үшін кәсібін ашам дегендерге қолдау көрсету, отандық өндірушілерге жан-жақты көмек беру, шекарамызда сақтық шараларын қатайтып, елдің әлеуметтік мәселелерін тиімді шешуге қатысты іргелі міндеттер жүктелді. Әр саланы жетістікке жетелейтін жоспарын ортаға салған Президент құқық қорғау, сот саласын да назарынан тыс қалдырмады.

Адам құқығын қорғау саласына жіті көңіл бөлетінін айтқан Мемлекет басшысы өлім жазасының күшін жоюға батыл қадам жасалғанын, соған орай Азаматтық және саяси құқықтар туралы Екінші факультативтік хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойылғанын жеткізді. Соған орай алдағы уақытта Қылмыстық кодекстің нормаларын Екінші факультативтік хаттаманың ережелерімен үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізіліп, арнайы заң осы жылдың соңына дейін қабылданады деп күтіліп отыр.

Мемлекет басшысы бұған дейінгі жолдауында мемлекеттік органдармен дауласқан кезде азаматтардың теңсіздік жағдайында қалатынын айтып, Әкімшілік әділет институтын жандандыру керектігін, жария-құқықтық дауларды әділ реттеудің заңдық тетігін жасау кезек күттірмейтінін алға тартқан болатын. Соған орай еліміздің Жоғарғы Соты мен Әділет министрлігі бірлесіп жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін жасаған еді. Шілде айында жаңа заң күшіне еніп, бүгінде республикада 21 жаңа әкімшілік сот жұмысын бастап та кетті. Осының өзі Президент жолдауларында берілген тапсырмалардың өз ретімен орындалып жатқанын көрсетеді. Жол басшымызға айналған жолдаудағы биылғы міндеттер де ел өмірін жақсартуға септігін тигізеді деп сенемін.

М.МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БАСТАМА

Мемлекет басшысы биыл қырқүйектің алғашқы күнінде «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа жолдауын арнады. Бүкіл әлем елдері пандемияның қыспағына түсіп, еліміз тілсіз тәж тажалмен бетпе-бет келгеніне де жылдан асып барады екен.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ – ЦИФРЛАНДЫРУ

Биылғы жолдау осынау аумалы-төкпелі кезеңнің үміті мен күдігінің арасында жүрген халыққа дер кезінде сүйеу болып, бағыт-бағдарымызды айқындай түскендей. Жолдауда сот төрелігін дамыту мәселелері де сөз болып, адам құқығын қорғау міндеттері айқындалды. Одан бөлек, Мемлекет басшысы маңызды құжатта «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру» екенін тағы бір мәрте еске салды. Осы орайда, заманауи технологиялар сот саласының жұмысын жеделдетіп, ашықтықты арттырды десем артық айтқандық емес.

Өткен жылдарға көз тастасақ, бұрын әр азамат сотқа келгенде бір бума қағазды құшақтай кіретін, кеңседе де бітпейтін кезек еді. Жазу машинасына үңілген сот хатшылары да көз алдымызда. Сот төрелігі сандық жүйеге көшкелі мұндай әуре-сарсаңның бірі де жоқ.

Сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске қосылған сервистің бірі – «Сот кабинеті». Аз уақыттың ішінде аталған жүйе азаматтар үшін тиімді сервиске айналды. «Сот кабинеті» арқылы кез келген тұлға сотқа келмей-ақ үйінде немесе кеңседе отырып, онлайн талап-арызын беріп, сот құжаттарын жолдап, оның орындалу барысын қарай алады. Сондай-ақ, IT қызметкерлердің үздіксіз ізденісінің нәтижесінде «Сот кабинетінің» мобильді нұсқасының жаңа функциоталдары іске қосылғанын атап өткен жөн. Аталған мобильді қосымшада талап арыз, өтініш, хаттарды жіберу мүмкіндігі қарастырылған. Одан бөлек, сот отырысы залдары толығымен дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен жабдықталып, сот процестері дыбыс-бейне таспаларға таңбалануда.

Пандемия сот төрелігіне де әсерін тигізді. Бүгінде сот отырыстары адам денсаулығының қауіпсіздігі үшін қашықтан өткізіліп, яғни тараптар процестерге бейнебайланыс, мобильді бейнебайланыс және мессенджерлер арқылы қосылуда. Сот процестерін онлайн форматта өткізуде «Zoom», «TrueConf», «WhatsApp» желілерін кеңінен пайдалануда.

Пандемия кезінде соттардағы ақпараттық жүйенің артықшылығы жұмысты кедергісіз жүргізуге көмектескенін Мемлекет басшысы да судьялардың VIII съезінде айрықша атап өтті. Айталық, Президент ақпараттық технологияның арқасында сот процестерін қашықтан жүргізу форматына жедел көшірілгенін тілге тиек етті. Иә, бұрын соттарда бейнебайланыстың көмегімен күніне 150 процесс өткізілсе, қазір оның саны 4,5 мыңға жеткен. Осы орайда, статистикаға назар салсақ, өңір бойынша 2021 жылдың алты айында мобильді бейнеконференц байланыс арқылы 10775 сот отырысы өткен, түзеу мекемелерімен 544 процесс, республика соттарымен 13 іс қаралған.

Қорыта айтқанда, цифрландыру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сондықтан, сот төрелігіндегі сандық жүйе халықтың сенімін нығайтып, жұмысты оңтайландырып, сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл жаңашылдық қағазбастылықтан арылтты, яғни бүгінде мәліметтердің барлығы электронды түрде қолжетімді.

Берік УТЕЕВ,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ТАЛАП ҚОЮДЫҢ ЖАЛПЫ МЕРЗІМІ – ҮШ ЖЫЛ

Құқықтық сауатты көтерудің маңызы өте зор. Азаматтар өз құқығын жақсы білген жағдайда зардап шекпейді, ар-намысын аяққа таптатпайды. Өкінішке орай, біздің елімізде қарапайым заңдық қағидаларды білмейтін, өз құқығын қорғай алмайтын жандар аз емес. Ата Заңымызда көрсетілгендей азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау мемлекеттің басты ұстанымы.

Отандық заңдар да адами қарым-қатынастан туындайтын дауларды әділ шешуге бағытталған. Десек те, әр азаматтың сауатын көтеру кезек күттірмейді. Сот саласында істерге төрелік жасап қоймай, азаматтардың құқықтық білімін көтеруге бағытталған жұмыстар да тұрақты жүргізілуде. Судьялар қоғамдық қабылдаулар өткізіп, әлеуметтік желілердегі парақшаларында жаңа заңдарға түсіндірме беруді дәстүрге айналдырған. Сонымен бірге, азаматтардың сауалдарына жедел жауап беріп, ұсыныс-тілектері бойынша шешім қабылдауда да сот саласы белсенділік танытып келеді.

Біздің басты тұтынушымыз – халық. Ал осы халықты не мазалайтынын, қандай мәселе толғандыратынын білу үшін ашық диалог орнатқан дұрыс. Әрі қандай сауалдар жиі қойылып, қандай мәселелер жиі көтерілетініне мониторинг жүргізу арқылы соттағы кем-кетікті тез реттеуге мүмкіндік туады. Осындай зерделеу барысында тұрғындарды талап қою тәртібі, талап қою мерзімінің өтуіне байланысты сұрақтар жиі мазалайтыны байқалған еді.

Сондықтан талап қою ұғымы туралы кең түсінік беріп, талап қоюдың қолданылу тәртібін, мерзімін, талап қою мерзімінің өтуіне байланысты сұрақтарға жан-жақты түсіндірме беру кезек күттірмейді. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде талап мерзіміне қатысты заңдық тетіктер VII тараудағы бірнеше бапта көрсетілген. Азаматтық кодекстің 177-бабына сай, талаптың ескіруі дегеніміз адам құқығы немесе заңмен қорғалатын мүдде бұзылған жағдайда туындайтын талаптың қанағаттандырылуы мүмкін болатын уақыт кезеңін білдіреді. Құжатта нақты дәйектелгендей талап қою мерзімі заң шеңберінде реттеледі. Сондай-ақ, оны тараптардың келісуімен өзгертуге жол берілмейді.

Талап қою мерзімінің шегі де белгілі. Азаматтық кодекстің 178-бабында бұл сұрақ толық шешімін тапқан. Осы баптың 1-бөлігінде көрсетілгендей талап қоюдың жалпы мерзімі үш жыл. Дегенмен, осы баптың 2-бөлігіне сәйкес, талаптардың жекелеген түрлері үшін талап қоюдың қысқартылған немесе неғұрлым ұзақ арнаулы мерзімін белгілеуге болады.

Ал енді талап қою мерзімі өтіп кеткен жағдайда не істеген жөн? Бұл сұрақтың да заңдық жауабы Азаматтық кодексте анық белгіленген. Кодекстің 179-бабында талап қоюдың қолданылу реті дәйектелген. Соған сәйкес, талап қою мерзімі өтіп кеткеніне қарамастан бұзылған құқықты қорғау туралы талапты сот өз қарауына алады. 180-бапта «Талап қою мерзімінің өтуіне» байланысты қандай қадамдар жасауға болатыны анықталған. Дәл осы құқықтық тетікті әрбір азамат жадына тоқып алуы тиіс. Өйткені, талап қою мерзімінің өтуі адам құқық бұзушылық туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен басталады. Заңнан хабары жоқ азаматтарға бұл баптың ерекшелігін толық түсіндіру маңызды. Соның ішінде азаматтар белгіленген орындау мерзіміне байланысты міндеттемелер бойынша талап қою мерзімінің өтуі орындалу мерзімі аяқталғаннан кейін басталатынын білуі шарт.

Талап қою мерзімінің өтуін тоқтата тұруға мүмкіндік бар. Оның тәртібі 182-бапта берілген. Соған орай егер талап қоюға төтенше және оқыс оқиға кедергі жасаса; міндеттемелердің бұл түрін орындау ҚР Президентінің жариялауымен кейінге қалдырылса, сондай-ақ, әрекет қабілеттігі жоқ адамның заңды өкілі болмаса, тиісті қатынасты реттейтін заңдардың қолданылуын тоқтатуға байланысты талап қою тоқтатыла тұрады. Бұл сұрақ қазіргідей қауіпті індет тез таралып, азаматтар денсаулық қауіпсіздігіне алаңдаған уақыттың өзектілігін арттыра түсті. Бүгінде төтенше жағдайға байланысты талап қою мерзімін өткізіп алғандардан өтініш, тілек, сауал көптеп түсуде. Бұл судьялар қауымы талап қою мерзімінің өтуіне қатысты заңдық қадамдарды азаматтардың жіті түсінбейтінін алға шығарады. Сондықтан, заңды дұрыс қолданып қоймай, оған азаматтарды үйрету, белсенділігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізу әрқашан өзекті.

Г.БЕЙСЕНОВА,
Медеу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

УКІМ

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ДӘРІГЕРГЕ ҚАРЫЗ

Ақтөбеде келіншектің өліміне кінәлі деп айыпталып, кейін ақталып шыққан гинеколог сотта жеңіске жетті. Қаржы министрлігі оған материалдық және моральдық шығын ретінде 2 миллион теңгеден астам қаржы төлеуі тиіс.

Естеріңізге сала кетелік, оқиға 2019 жылы болған еді. Сәбилі болуды армандаған 20 жастағы Гүлдана Нұрмағанбетова жеке медициналық клиникада емделген екен. Ем жасау барысында дәрігер келіншектің жатыр түтікшесін тексермек болады. Процедура кезінде әйелдің жағдайы нашарлап, көп ұзамай ол күтпеген жерден қайтыс болады.

Кейін арнайы медициналық сараптама жүргізіліп, нәтижесінде марқұмның анафилактикалық шок алғаны белгілі болды. Тергеу мәліметінше, дәрігер пациенттің препаратқа аллергиясы бар-жоғын тексерместен, «Метрогил» (Метронидазол) екпесін еккен.

Дегенмен, дәрігердің өзі сотта барлық іс-әрекетті стандартқа сәйкес жасағанын айтып, кінәсін мойындамады. Биыл наурыз айында сот дәрігерді кінәсіз деп тауып, оны ақтап шығарды. Кейін дәрігер қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылғаны үшін Қаржы министрлігін сотқа берді. Ол моральдық шығын ретінде 5 миллион теңге талап етті. Дәрігер қылмыстық іс туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кең көлемде жазылғанын, өзіне қатысты теріс ақпарат туралы туыстары, достары мен пациенттері білгенін, осының барлығы оған моральдық азап әкелгенін айтты. Дәрігер кінәсіз бола тұра БАҚ бетінде жарық көрген негізсіз ақпараттарға тыйым сала алмағанын, барлығына көнуге тура келгенін айтты.

Бұған қоса ол сот арқылы мүліктік залалды өтеуді де талап етті. Ақтөбе қаласының қалалық соты шағымды жартылай қанағаттандырды. Сот шешімімен Қаржы министрлігі кінәсіздігі дәлелденіп, сот арқылы ақталған гинекологқа моральдық шығын ретінде 300 мың теңге және материалдық шығын ретінде 1 миллион 740 мың теңге төлеуі керек. Алдағы уақытта Қаржы министрлігі бұл соманы ақталған дәрігерге қайтаруы тиіс.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ИНФЛЯЦИЯНЫ УЫСТА ҰСТАУ – АРМАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның сөзінен түйгеніміз, бұған бюджеттік жоспарлауға негіз болып отырған болжалды көрсеткіштер арқасында қол жеткіземіз. Расында оған қарасақ, жағдай жаман болмайтын сияқты. Яғни, мұнай бағасы барреліне 60 АҚШ доллары болып, 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 3,9 пайызға, 2026 жылы 5,2 пайызға дейін жетеді. 5 жыл ішінде жалпы ішкі өнімнің орташа жылдық өсу қарқыны 4,8 пайызды құрайды. Шикізаттық емес сектор сапалы өсудің негізгі драйверлерінің бірі және экономика тұрақтылығының түйінді факторына айналады. Осылайша, өңдеу өнеркәсібі орташа алғанда 4,1 пайыз артады және тау-кен өндіру өнеркәсібінің өсу қарқынынан асып түседі. 2022 жылы мұнай өндіру 87,9 миллион тоннаны құрап, 2026 жылы 107,4 миллион тоннаға дейін ұлғаяды.

Болжам күдік тудырады

Ауыл шаруашылығында орташа жылдық өсу 5,0 пайызды, құрылыста – 3,9 пайызды құрайды. Қызмет көрсету өндірісі орташа алғанда 5,4 пайызға өседі. 2022 жылы номиналды жалпы ішкі өнім 87,1 триллион теңге, ал 2026 жылы 119,9 триллион теңге болады. Халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 2022 жылы 10,7 мың АҚШ долларынан 2026 жылы 14,2 мың АҚШ долларына дейін өседі. 2022 жылы тауарлар экспорты 60,1 миллиард АҚШ доллары деңгейінде болжанып отыр және 2026 жылға дейін 79,8 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғаяды. Тауарлар импорты 2022 жылы 40,8 миллиард АҚШ долларынан 2026 жылы 43,4 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғаяды. Соның арқасында ішіп-жеміміз де артып, иығымыз да бүтінделетін сияқты. Республикалық бюджеттің кірісі 2022 жылы болжамдар бойынша 9,2 триллион теңгені, 2023 жылы – 9,7 триллион теңгені, 2024 жылы – 10,4 триллион теңгені құрайды.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, әрине, осы болжамдардың барлығы шындыққа айналсын десек те, көңілде күдік көп. Өйткені, мұндай көрсеткіштердің көбінің іс жүзінде көрініс табатын сәті сирек. Бұған тек біз жоғарыда атаған инфляция деңгейін мысал етуге болады. Бізде жыл сайын оның пайызын ұстап тұру мақсат етіледі. Мысалы, былтыр инфляцияны 4-6 пайыз дәлізінде сақтау нысанаға алынды. Алайда, оның деңгейі жыл ортасына таман екі есеге артып кетті. Қазір елдегі инфляция көлемі 8,2 пайызға өсіп отыр. Азық-түлік тауарлары бойынша тіпті үш есеге жуықтап, 11, 5 пайызға жетті. Қазіргідей пандемия лаңы берекені қашырмаған кездің өзінде инфляцияны тізгіндей алмағанда, карантиндік шектеулер жағдайында бұл қаншалықты мүмкін?!

Базар толы өзгенің өнімі

Инфляцияны белгілі бір дәлізде ұстап тұру үшін біздің өз өнімдеріміз көп болуы керек. Ол үшін біздегі барлық сала диверсикацияланып, өнім өндіретін өндірістер іске қосылуы тиіс. Импортқа тәуелділік азайып, сыртқы нарыққа шығаратын тауарлар түрінің артуы да шешуші фактор. Өкінішке орай, қазір бізде осыған керісінше жағдай қалыптасқан. Базар толы өзгенің өнімі. Мал шаруашылығының керемет дәстүрі, мүмкіндігі қалыптасқан елде басқаны былай қойғанда, ет өнімдері, сүт өнімдері де аз.

Сүт нарығында Ресей өнімдерінің үлесі басым. Тұтыну тауарлары жайлы айтудың қажеті жоқ. Өзімізде тіпті ине де жасалмайды. Осының бәріне қол жеткізуге жол ашуы тиіс индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының су аяғы құрдымға кетті. Көп жобалардың аты бар да заты жоқ. Кейбірі ашылмай жатып, жабылды. Бұл бағдарлама 2022 жылы қайта жалғаспақ. Ол жүзеге асып, өндрістер өнім бергенше қай заман. Тағы да бөлінген қаржының ұстағанның қолында тістегеннің аузында кетпесіне кім кепіл? Қарапайым заттар экономикасы деген тамаша бағдарламаның да тағдыры белгісіз. Демек, инфляцияны келер жылдарда да уыста ұстаймыз деген құр арман. Бәлкім көп мәселені тағы да Ұлттық қордан қаржы алып шешерміз.

Сенеріміз – мұнай

Айтпақшы келер жылы осы келешек ұрпаққа арналған қаржы біраз жыртықты жамамақшы екен. Одан 2022 жылы 500 млрд теңге, одан кейінгі жылдарда 400 млрд теңге көлемінде қаржы трансферттеледі. Былтыр Ұлттық қордан алғанымыз 450 трлн теңге болған еді. Қит етсе оған қол салу әлі тыйылмай тұр. Себебі, мұнайдан басқа сыртқа сатылатын, табыс түсетін өніміміз жоққа тән. Алдағы уақытта бұған да зар болып қалмасақ игі еді. Өйткені, әлемде мұнайдың құны тым арзан. Қоршаған ортаның жайын ойлаған, дамуды мақсат еткен елдер энергия көздерінің арзан, баламалы түріне көшіп жатыр. Яғни, мұнай дәуірі аяқталуға жақын. Олай болса, сеніп отырған бұл қордың да түбі көрінер сәт таяу. Бұл ойымызды қаржыгер, тәуелсіз сарапшы Мақсат Халық та құптайды. Оның айтуынша, инфляцияны тізгіндейтін Ұлттық банктің екі ғана мүмкіндігі бар екен. Оның бірі базалық пайызды реттеу болса, екіншісі айналымдағы ақша массасының көлемін қысқарту. Бұл өте шектеулі әдіс. Үкімет тауар өндіру процесін жолға қоймаса, импортты алмастыратын тауарларды өзімізде өндіруге қол жеткізбесе Ұлттық банктің инфляцияны төрт пайызға түсірем деуі бос әурешілік. Былтыр да ұстай алмаған, келер жылы да бұл құр сөз болып қалады. Сондықтан үкіметтің үйлесімді қызметі керек. Құзырлы орындардың бір-бірін толықтырып, ортақ мақсатқа бағытталған бірлескен әрекеті қажет. Басты мақсат отандық өнімді арттыруға бағытталғаны дұрыс. Сонда ғана болжалды көрсеткіштер өмір шындығына айналып, елдің әл-ауқаты артады.

Мұны бүгінде еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін біледі. Одан бірақ не пайда? Үкіметтің тірлігі жалған көрсеткіштерді жалаулатудан аспай жатыр.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

САРАП

БАЛАҒА АНА ДА ЖАҚЫН, ӘКЕ ДЕ ҚЫМБАТ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ СОТЫНДА ЖИІ ҚАРАЛАТЫН ІСТЕР САНАТЫНЫҢ БІРІ – БАЛАНЫҢ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІН АЙҚЫНДАУ. ӨКІНІШКЕ ОРАЙ, ҚОҒАМДА НЕКЕ БҰЗУ, АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ СЕКІЛДІ ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАР АЗ ЕМЕС. СОЛ СИЯҚТЫ, БАЛАҒА ТАЛАС ТА ЖИІ КЕЗДЕСЕТІНІН ЖАСЫРА АЛМАЙМЫЗ.

Иә, сот залында өз араларында туған араздық салдарынан балаларын бір-бірінен алып қашып, көрсетпей, өздерінің де, баланың да жанына жара салып жүрген ересектердің әрекеті тек заңмен ғана реттеліп жатады.

Неке және отбасы туралы кодекстің 73-бабының 2-бөлігіне сай, ата-аналары бөлек тұратын кезде баланың тұрғылықты жері мен заңды мекенжайы ата-аналарының келісімімен белгіленеді. Келісім болмаған кезде, ата-аналардың арасындағы дау баланың мүдделерін негізге алып, ата-аналардың талап етуі бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен медиация тәртібімен немесе сот арқылы шешіледі. Сот ата-аналардың тұрмыстық жағдайын, баланың жасын, ата-аналардың жеке қасиеттерін, ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастарды, баланың дамуы және тәрбиесі үшін жағдайлар жасау мүмкіндігін ескереді.

Әр балаға ата-ананың мейірімі, сүйіспеншілігі аса қажет. Үлкендер өз араларындағы араздық, материалдық жағдай мәселесі, баспананың жоқтығы, тағы басқа жағдайлар арқылы баланы дағдарысқа түсіруге жол бермеуі керек. Барлық бала ата-анасының қамқорлығы мен жауапкершілігін сезініп, кез келген жағдайда қауіпсіздік ортада өмір сүруге құқылы. Әсіресе, жас балалар анасынан алшақтамауы керек. Бұл заңмен де реттелген.

Бірде сотқа жүгінген Айым (аты-жөні өзгертілген) қазіргі кезде некесі бұзылған жолдасының қолындағы 3 жасар ұлын өзіне қайтару туралы талап арыз түсірді. Ол жолдасымен екінші ұлына аяғы ауыр кезде ажырасып, үлкен ұлын алып кеткен. Арада 5-6 ай өткен соң, бұрынғы күйеуі келіп, оның дәрменсіз, жүкті күйде екенін пайдаланып, жанжал шығарып, мәжбүрлеп ұлын тартып алады.

Содан кейін Айым аудан әкімдігінің кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға, аудандық білім бөліміне жүгініп, баланы алып беруді сұрайды. Уәкілетті тұлғалармен бірге бірнеше рет ұлын көруге барғанда, бұрынғы күйеуі кедергі жасап, ұлын бермеген.

Сот отырысында тараптар, куәлер мен қорғаншылық және қамқоршылық функцияларын жүзеге асыратын білім бөлімі өкілдерінің пікірлері тыңдалды. Мамандар баланың жағдайын көруге барғанда, әкесі көруге кедергі жасағанымен, баланың түнімен телефон қарайтынын, ұйқысы реттелмегенін, күндіз әкесі жұмыста болатынын, ата-аналық мейірім көрмейтінін анықтаған. Сотта мамандар баланың жас шамасын, анасы ата-аналық құқығынан айырылмағанын, шектелмегенін, әкесінің теріс ықпалынан бала анасының мейіріміне зәру болып отырғанын, бауырлар бір-біріне жат болып өспеуі үшін балалардың бір отбасында тәрбиеленуін қамтамасыз ету қажеттігін айтты.

Сот іс материалдарын зерделей келе, 3 жасар баланың анасымен бірге тұрғаны тиімді деп тауып, баланың тұрғылықты жерін анасының тұрғылықты жері бойынша айқындау туралы шешім шығарды. Мұндай жағдайда орган қызметкерлері анасына баланы әкесінен алып беруі керек.

Тағы бір жағдайда, Майра (аты-жөні өзгертілген) сотқа жүгініп, күйеуінің қолындағы бес баласының ең кішкентайының тұрғылықты жерін өзімен бірге айқындауды сұрады. Сотта әкесі де қарсылық танытпады. Себебі, ересек балалары 10 жастан асқан, өз таңдауларын жасаған екен. Ал, ең кішкентай бүлдіршін небары бір жарым жаста. Мұндай жағдайда сот талап арызды қанағаттандырды.

Балалардың тұрғылықты жерін анасының тұрғылықты жері бойынша айқындау әкесінің балаларымен толыққанды араласуы, олардың тәрбиесімен айналысу құқығынан айырмайды. Бала дұрыс дамып, жетіліп, тәртібі мен мінез-құлқы дұрыс қалыптасу үшін ата-аналардың екеуімен де жүйелі түрде араласуы қажет.

Балаларды тәрбиелеудің нақты мән-жайлары мен шарттары өзгерген жағдайда тараптар сотқа балалардың тұрғылықты жерін айқындау туралы талаппен жүгінуге құқылы. Отбасылық қатынастар жалғаспалы құқықтық қатынастарға жататындықтан, мұндай талаптар сотта бірнеше рет қарала береді.

Статистикаға жүгінетін болсақ, ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда, істердің 85 пайызында балалар анасында қалады екен. Қалған жағдайлар – ол анасының бас тартуына, балаларды қараусыз қалдырып, ішімдікке салынып кетуіне байланысты ата-аналық құқығынан айырылған жағдайда немесе денсаулығында психикалық ауытқуы бар болса, бала жасына қарамай, әкелеріне тапсырылуы мүмкін.

Бала 10 жастан асса «Балалар құқықтары туралы» және «Неке және отбасы туралы» заңына сәйкес, өзінің кіммен тұратындығын таңдау бойынша пікірін айтуға мүмкіндігі бар. 14 жастан асқаннан кейін бала кіммен әрі қарай тұратынына өзі таңдау жасайды. Баланың осы жасына дейін үлкендер өз араларындағы ашуды ақылға жеңдіріп, шалыс баспай, «бала» деген аманатты толық жетілдіргенге дейін бірге болуды көздегені абзал.

Лариса ШАМГУНОВА,
Маңғыстау облысының кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

МЕЖЕ

АЗАМАТТАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап біздің елімізде сот билігінің тәуелсіздігі үшін ұйымдастырушылық, құқықтық, экономикалық және өзге де жағдайлар жасауға, демократиялық құқықтық мемлекеттілікті қалыптастыру қажеттіліктеріне сай келетін тиімді сот жүйесін қалыптастыруға іргелі қадамдар жасалды.

Сот жүйесін реформалау бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, судьялардың мәртебесі артты, материалдық жағдайы жақсарды, судьяларды тағайындау рәсімі өзгертілді. Яғни, тәуелсіздік алғаннан кейінгі барлық уақыт тәуелсіз сот жүйесін дамыту, сот-құқықтық реформаны жүзеге асыру жолдарын іздеуге бағытталды. Саяси және экономикалық қайта құруларды жүзеге асырумен қатар қоғамның заң саласын терең реформалау проблемасы өзектілендірілді, сондықтан құқықтық реформа саяси және экономикалық қайта құруларды жүзеге асырумен қатар, тіпті біршама ілгері жүруі тиіс еді.

Сот жүйесі – мемлекет негіздерінің басты құрамдас бөліктерінің бірі, әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғырту жолындағы елдің демократиялық даму тетіктерінің бірі. Азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа қатынасы және қоғам тарапынан билікке деген сенім деңгейі көбінесе сот төрелігін іске асырудың тиімділігіне байланысты. Күшті және тәуелсіз сот билігі мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімді өзара іс-қимылының қағидатты кепілдіктерінің бірі, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы болып табылады.

Бүгінгі таңда барлық сот органдары бірыңғай жүйені құрайды. Мамандандырылған экономикалық және әкімшілік соттарды құру аудандық соттарға түсетін шамадан тыс жүктемені едәуір азайтуға, сот төрелігін іске асыру сапасын жақсартуға, оны азаматтар үшін неғұрлым қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Гүлназ ДЮСЕМБАЕВА,
Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық қылмыстық сотының бас маманы

БАЗЫНА

ЕКІ ЖЫЛДАН БЕРІ ӘЛЕМДІ ДҮРЛІКТІРГЕН ҚАТЕРЛІ ІНДЕТ БҮГІНДЕ ӨМІРІМІЗДІҢ АЖЫРАМАС БІР БӨЛШЕГІНЕ АЙНАЛДЫ. БЕТПЕРДЕ ТАҒУ, ӘЛЕУМЕТТІК АРАҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАУ, КӨПШІЛІК ЖИНАЛҒАН ЖЕРГЕ БАРМАУ СИЯҚТЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ҰСТАНУ ДА ТҰРМЫС САЛТЫМЫЗҒА МЫҚТАП ЕНДІ. ТӨРТ ҚАБЫРҒАҒА ҚАМАЛҒАН КҮНДЕРДІ ДЕ ӨТКІЗДІК. КАРАНТИН ШАРАЛАРЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛІП, ХАЛЫҚ БІРТІНДЕП КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ҚАЙТА ОРАЛА БАСТАДЫ. МІНЕ, БИЫЛ ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР ДЕ ДӘСТҮРЛІ ОҚУ ФОРМАТЫНА КӨШТІ.

ОФЛАЙН ОҚУ УАЙЫМДЫ КӨБЕЙТТІ

914 оқушы індет жұқтырған

Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, оқу жылы басталғанға дейін білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау үшін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға қажетті жағдайлар толық жасалған. Атап айтқанда, Ashyq жүйесі орнатылып, дезинфекциялық құралдар мен бетперделер қоры жасақталып, сабақ кестесі білім алушылардың байланысын барынша азайту мақсатында құрылған. Мектепке оқушылар санитайзерден өтіп кіреді, дене қызуы тексеріліп, мәліметтер арнайы журналға жазылады, қолы арнайы ерітіндімен зарарсыздандырылады. Үзіліс кезінде, ауысымның өзгеруі кезінде және оқу күнінің соңында сыныптар мен бөлмелер жуылады, желдетіледі, тұтқалар, баспалдақтар арнайы ерітіндімен өңделеді.

Қазақстандағы өңірлердің басым бөлігінің «қызыл» аймақта орналасқанына қарамастан, оқытудың офлайн түріне көшуі ата-аналардың арасында түрлі пікір қайшылығын туғызды. Олардың бір бөлігі «оқу сапасы төмендеп кетті, мектепте оқығаны жақсы» десе, кейбіреулері балаларын онлайн оқытуға өтініш қалдырған, «оқымаса қойсын, мектепке жібермеймін, денсаулығы қымбат» деп жатқандар да бар. Кей қалаларда тіпті ата-аналардың әкімдікке, білім басқармаларына келіп, ереуілдеткен жағдайы тіркелді. Бауыр еті баласының денсаулығына алаңдаған жандардың күдігі расқа айналғандай.

Оқу жылының басталғанына небары он шақты күн өткеніне қарамастан, елімізде коронавирус жұқтырған оқушылар саны күннен-күнге артып келеді. Құзырлы органдардың берген мәліметіне сәйкес, қазірдің өзінде 914 оқушы қауіпті індетпен ауырып жатыр. Сөйте тұра, әлі бір де бір мектеп карантинге жабылған жоқ. Әзірге тек науқас оқушы анықталған сыныптар ғана онлайн оқуға көшкен.

Тек Алматы облысының өзінде 301 оқушы коронавирус жұқтырып, емделіп жатыр. Соның салдарынан 122 сынып карантинге жабылды. Қазір індетті жұқтырған 301 оқушының барлық сыныптастары, яғни 1489 оқушы, қашықтан оқытуға жіберілді. Оқушылар арасында індетті ең көп жұқтырғандардың ішінде Талдықорған қаласы бірінші орында тұр. Облыс орталығында 80 оқушыдан COVID-19 анықталған.

Бұған қоса сырқаттанған ұстаздар да аз емес. Алматы облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Әлішер Сырымның мәлімдеуінше, коронавирус анықталған 50 ұстаз ем қабылдауда. Сонымен қатар мектепке дейінгі білім мекемелерінде де осыған ұқсас 12 жағдай тіркелген.

Ал аудандарды бөлек қарастыратын болсақ, Еңбекшіқазақ ауданында 32, Ұйғыр ауданында 26, Талғар ауданында 22 оқушы індетті жұқтырып, тиісті емдом қабылдауда. Жалпы, Алматы облысы бойынша қазіргі таңда коронавирус жағдайына байланысты 1790 бала үйінде білім алып жүр. Олардың арасында індет жұқтырғандармен байланыста болған балалар да бар.

Балаларға екпе салына ма?

Бауыр еті баласының денсаулығы үшін алаңдап, шыр-пыры шыққан ата-аналардың тағы бір уайымы – 12 жастан асқан балаларға вакцина салынатыны туралы хабар. Әлеуметтік желіде тараған мектептерде түнгі мезгілде жүргізіліп жатқан дезинфекция жұмыстары туралы бейнеүзіктер, мектеп директорларына оқушылар тізімін жасау туралы сұраныстар күдік үстіне күдік жамай түскені анық.

Ресми дерекке сүйенсек, бұған дейін Қазақстанда 12-18 жастағы балалар мен жасөспірімдерді Pfizer/BioNTech препаратымен вакциналау жоспары туралы айтқан Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой: «Өкінішке қарай, жаңа штамдар балаларға әсер етуде. Министрлікке балаларды қорғау үшін вакцина табу туралы өтініштер көптеп түсіп жатыр. Біз 12 жастан асқан балаларды назарға алып отырмыз. Вакцина ата-ананың келісімімен ғана салынады. Ағымдағы жылдың наурыз айында бірыңғай дистрибьютор мен ҚХР арасында жүргізілген келіссөздердің қорытындысы бойынша, балалар мен жүкті әйелдерге салуға рұқсат етілетін Pfizer вакцинасы елге қазан айында 2 миллион дозамен келеді деп күтілуде», – деген болатын.

Жатақханада тұру қауіпсіз бе?

Жан-жақтан ағылып келіп, жатақханаларға орналасып жатқан студенттердің қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етілмек? Осы орайда Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ректоры Мейрам Бегентаев студенттер үшін қауіпсіз ортаның және коронавирус инфекциясының таралуын болдырмаудың кешенді шаралары іске асқанын айтты.

«Жатақхана ғимараттарындағы кіре берісте студенттер Ashyq қосымшасын қолданады, әр қабатта дезинфекциялайтын құралдар орнатылған. Эпидемияға қарсы шаралар кешені жүргізіледі, тұрғын жайлар үнемі желдетіледі, жатақханаларда тұратындардың байланысы барынша азайтылған.

Сонымен қатар оқу жылы басталғанға дейін университет оқытушыларының 73% вакциналанды, қалғандары – медициналық қарсы көрсетілімі бар және дерттен сауыққандар. Бүгінде студенттердің 49%-ы вакциналанған. Ағымдағы жылдың 1-31 шілдесі аралығында вакцина алған жастар арасында үлкен сыйлықтар ойнатылды. Стартапты іске асыру үшін 5 миллион теңге, жатақханаларда ақысыз тұру үшін 20 орын, үздік мемлекеттік және шетелдік ұйымдарда тағылымдамалар, «Қолдау» кәсіпкерлік бағдарламасы бойынша 100 тегін курс ойнатылды», – деді ректор.

Бүгінгі эпидахуал

Денсаулық сақтау министрлігінің 13 қыркүйектегі мәліметінше, елімізде өткен тәулікте 3 959 адам коронавирус індетінен емделіп шықты, ал 3 088 адам коронавирус жұқтырған. КВИ+, КВИ-шалдыққандардың арасында 1 276 адамның жағдайы ауыр, 340 пациенттің жағдайы өте ауыр, 196 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

Қазақстан өңірлеріндегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасы бойынша, еліміздің эпидахуалы жақсарып келеді. «Қызыл» аймақта Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстары орналасқан. «Сары» аймақта Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстары тұр. «Жасыл» аймақта Түркістан облысы ғана бар.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

КИЕ

АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің дамуы – сот төрелігін жүзеге асырудағы басты аспектілердің бірі болып табылады. Қылмыстық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа да тілдер қолданылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге оның сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге тиіс. Өзінің бағытын нақты ұстаған сот жүйесі жылдар керуенін артқа тастап, жүргізілген тегеурінді сот реформасының аясында биік асуларды бағындырды. Сот жүйесінің негізгі мақсаты азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Дегенмен, негізгі сүйенері – заң болса да, сот саласы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтуге қатысты жұмыстарды тоқтатқан емес. Осы мақсатта сот ұжымы полиция, прокуратура өкілдерімен, адвокат, заңгерлермен бірлесіп жиындар өткізіп, қазақ тілінде қаралатын істер санын көбейтуге барынша бастамашы болып келеді.

Ильяс КӘКІМ,
Көкшетау қаласының мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ КЕМІМЕСІН!

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – әдебиет, мәдениетіміздің биік тұғыры, рухани тамырымыз. Сондықтан тіл аса маңызды рөлге ие. Бұл ретте Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай жасауға бағытталған.

Бүгінде біз қазақ мәдениетінің қалыптасу процесінің куәгеріміз. Елімізде барлық халықтардың мәдени ынтымақтастығын біріктіретін күш ретінде қазақ мәдениетінің дамуына ықпал ететін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Қоғамда, әсіресе, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар.

Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай орындалатын іс емес. Себебі, тіл – мемлекеттің иесі болып отырған халықтың қажетін өтеп, барлық салада тең дәрежеде қолданылуы қажет. Қазақ тілі барлық салада еркін қолданылатын құралға айналуы тиіс. Есеп-қисап, қаржылық және техникалық құжаттамалар да осы тілде жүргізілуі керек.

Тіл проблемасын оңтайлы шешу – ұлтаралық, қоғамдық келісімді нығайтудың алғышарты. Ұлтының тілін ұлықтаған ұрпақтың ұмтылысы ұдайы ұрандаудан тұрмайтыны анық. Бұған сол жылдардағы жағдай мен қазіргі күйді салыстыра қарасақ, көзіміз жете түседі. Әрине, әлі де алаңдатып отырған мәселелер аз емес, алайда ауызды қу шөппен сүртуге де болмайды. Бүгінде қоғамда тіл тағдырына деген түсіністік орныға бастады. Бұл осы уақытқа дейін барлық жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттегі тіл саясатының нәтижесі.

Мемлекеттік тіл мәселесі ешқашан назардан тыс қалып көрген емес. Мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру, нығайту бағытындағы жұмыстар үнемі жалғасын табуда. Мәселен ел Президенті Қ.Тоқаевтың биылғы жолдауында қазақ тілі мәселесі күн тәртібіне қойылған. Мемлекеттік тілді барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы деп бағалаған Президент тілді дамыту – әрбір азаматтың парызы екендігін тағы бір еске салған болатын. Сонымен бірге өзге тілдердің дамуына еш нұқсан келтірмей, оларға деген мемлекеттік қамқорлық аясын тарылтпай, қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің мүддесін мейлінше кең қолдауға маңыз беретініміз сөз болды. Шындығында тілді өркендету, тілге деген сүйіспеншілікті ояту күштеп жүргізілмеуі керек. Тілді дамыту бір-бірімізден бөліп-жарып міндет бөлісетін шаруа емес, ол Отаным деген барлық қазақстандықтың қастерлі парызы.

Тілді оқып-үйренуді жоғары деңгейге көтеру қажет. Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді. Қазақ тілін білу еліміздің әрбір тұрғынының кәсіби кажеттілігі ғана емес, сонымен қатар, азаматтық парызы болуы қажет. Өз сөзінде Президент Қазақстанның жастары мынаны білуі тиіс: «мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде қойылған сұрақтарға сол тілде жауап беруге тура келеді» деп атап өтті. Сондықтан уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар – мемлекеттік қызметкерлер өз жұмысын қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек. Өйткені, мемлекетті тілді білмей мемлекетке қызмет ету мүмкін емес.

А.БАЙБАТЫРОВА,
Алматы қалалық сотының талдау және жоспарлау бөлімінің бас маманы

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛДІҢ ҚЫРЫҚ ЖАНЫ БАР

Әйел – балалар панасы, әйел – отбасы шамшырағы, сонымен қатар, саясаткер, билеуші, көшбасшы да бола алады. Бүгінде гендерлік саясаттың дені осы әйелдер құқығын таптамауға, қыз-келіншектердің белсенділігін көтеріп, мүддесін қорғауға бағытталып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілеу гендерлік саясаттың негізгі қағидаларының бірі болып табылады. Конституцияда ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін іске асыру үшін жағдай жасау тетігі ескерілген.

Гендер – тек әйелдің ғана емес, ер адамның да тұлғалық ерекшеліктерін қорғайтын, ал кемсітушілік болған жағдайда оның да мүддесін сақтауға атсалысатын қоғамдық үдеріс екенін еске салғым келеді. Адамның биологиялық, әлеуметтік, саяси, психологиялық сияқты жан-жақты қырлары бар екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда шындығында ер мен әйел абсолютті тең бола алмайды. Ал «тең» деген түсінікті кейбір батыстық сарапшылар «бірдей» деген ұғыммен алмастырған. Қазіргі кезде азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асырып, өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу тетігін жасау үшін белсенді түрде, кең көлемді жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұрын «Әйел теңдігі» ұғымы мәселе болса, қазіргі таңда ол «гендерлік теңдік» деген үлкен саясатқа ұласқан. Айталық әйелдердің жұмыстағы дискриминациясына келейік. Расында жұмысқа қабылдау кезінде әйелдер соңғы орында, ал жұмыстан шығару кезінде бірінші кезекте тұрады. Сондай-ақ, нақты бір мамандықтар немесе лауазымдар шеңберіндегі дискриминация (әйелдердің мұндай жұмысты орындауға қабілеті бар болғанына қарамастан, нақты бір қызмет түрімен, лауазыммен немесе мамандықпен айналысуына шектеу қою немесе тыйым салу) да ара-тұра бой көтеріп қалады.

Сөзімді қорыта келе, әйелдердің қоғамдық жұмыстарға атсалысып қана қоймай, отбасының да тыныштығы мен берекесін сақтап, қызметінде де белгілі бір жетістікке жете алатынын күнделікті тәжірибеден байқап жүрміз. «Әйел бір қолымен әлемді тербетсе, екінші қолымен бесікті тербетеді» деген халық даналығының өзі әйелдің әмбебап, қырық жанды екенін көрсетсе керек.

Е.МОМЫШЕВ,
Семей қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

САРАП

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰПИЯ БОЙЫНША ҚЫЛМЫС: ҚҰРАМЫ, ІСТІ ҚОЗҒАУ НЕГІЗДЕРІ

Мемлекеттік құпияның пайда болуы ежелгі дәуірден бастау алады, мүмкін олар ежелгі өркениеттердің туылуымен бір мезгілде қалыптасқан, ал мемлекеттік құпияларды түсіну және оларды қорғау жолдары нақты мемлекеттің жұмыс істеу дәрежесі мен сипаттамаларына тікелей пропорционалды болып келеді.

Мемлекеттік құпиялар мемлекеттік құпияны құрайтын ақпарат болып табылады. Мемлекеттік құпиялар институты бірқатар мемлекеттерде қолданылады, олардың өздеріне тән халықтық ерекшеліктері бар және дамыған демократиялық мемлекеттерде көптеген ұқсастық кездеседі, бірақ әр елде өз бетінше қолданылады. Бұл өте күрделі құқықтық институт, оған тән ерекшеліктер әр мемлекеттің ұлттық менталитеті, құқықтық мәдениеті мен байланысына қарап анықталады.

Мемлекеттік құпиялар институтының тарихына келетін болсақ, ол Ежелгі Римнен бастау алған. Онда ең алғаш рет өз қожайынының құпиясын айтқаны үшін құлға заң бойынша айыппұл салынған. Одан бөлек, әдет-ғұрып ережелері қолданылған. Оған сәйкес үстелдің астына роза гүлін іліп қойып, үстел басында айтылған барлық сөздерді құпия сақтаған, дәл осы әдет-ғұрып өмірге латынша «sun rosa dictum» – «роза астында айтылған сөздер» (құпияда) деген атпен қалған.

С.Фукс «қазақ хандығында феодалдық дәуір кезеңіндегі заңдардың негізгі қайнар көздері адат – ауызша әдет-ғұрып ережелері екенін атап кеткен.

Ал Жеті Жарғыда Ұлы Түрік Қағанатының құдіреті мен танымалдылығын келесідей ережелер бекітеді: кімде-кім түрік халқының мақсат-мұраттары мен мүддесіне қарсы қастандық жасаса, онда ол үшін өлім жазасына лайық болады делінген. Біздің пікірімізше, бұл сөз мемлекеттік құпияны ашу, жариялау дегенді білдіреді.

Жеті Жарғыда «қылмыс» атауына анықтама бермеген, бұл түсініктің мазмұны ашылмаған, себебі жай қазақ құқығында тиісті арнайы сөз болмаған. Оның орнына «жаман іс», «жаман қылық» сөздерін қолданған. Кейіннен, «қылық» сөзінен «қылмыс» сөзі пайда болған.

XVIII ғасырдың соңынан 1917 жылдарға дейін Қазақстан Республикасы Ресей Империясының құрамында болды, кейіннен 1918–1991 жыл аралығында Қазақ ССР ретінде Кеңес Одағының құрамына кірген. Сондықтан да Қазақстан Республикасында мемлекеттік құпия институтының қалыптасуын Ресей Империясының құрамына кіргеннен бастап қарау дұрыс.

Зерттеушілер 1720 жылғы Россия империясының Бас регламентіндегі заңнамасынан мемлекеттік қызмет саласындағы құпияны сақтау және жазалау туралы дерек тапқан. Дегенмен, революцияға дейінгі заңнамаларда мемлекеттік қылмыстар туралы нормалар болғанымен, құқықта мемлекеттік құпия анықтамасы болмаған.

Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін, біраз уақыт өте Ресей заңнамалары қазақ хандығының аумағында қолданыла бастады. Осындай актілердің бірі 1822 жылғы Сібір қырғыздары туралы Жарғы болатын. Бұл заңның қабылдануы қазақ құқығының жүйесіне бірқатар өзгерістер әкелді. Істердің азаматтық және қылмыстық құқық бұзушылық болып екіге бөлінуі басталды. Әлбетте, мемлекетке опасыздық жасау және мемлекеттің құпиясын ашу қылмыстық құқықбұзушылыққа жатты. Мұндай істер әскери сотпен қаралатын, Оренбург корпусымен шешілетін және сот шешімі шығарылатын.

КСРО-ның әкімшілік жүйесінде құпияның екі түрі болды: мемлекеттік және партиялық. Мемлекеттік құпияны анықтау мәселесі заң деңгейінде емес, құпияланған үкіметтік қаулылар деңгейінде шешілген. Кез келген жаңа деректерді жариялауды немесе құпиялылық белгісін алып тастауды қалайтын адамдарға қатысты мәселелердің жағдайы мемлекеттік құпия презумпциясын көрсетеді.

Құпия ұстауға жататын ақпараттар мемлекеттік, қызметтік және әскери болып бөлінді. Сонымен қатар, тек белгілі бір санаттағы ақпараттар ғана емес, құпиялылық режимінің құқықтық негіздерін реттейтін нормативтік құжаттар да құпия сақталған. Мамандардың анықтамасы бойынша КСРО кезінде үш жүз мыңға жуық нормативтік құқықтық актінің 70 пайызы құпия сақталған. Мемлекеттік құпияны ашудың алдын-алу мақсатында барлық жарияланатын құжаттарда арнайы сөздермен мөр қойылған, яғни жариялауға рұқсат етілмеген арнайы ақпараттар тізімі көрсетілген. Мұндай ақпараттар тек «Қызметте қолдану үшін» деген құжаттарда және баспаларда жарияланған. Бұл сөз қаншалықты түсініксіз болса да, 1947 жылы шыққан Еңбек кодексінде де «Қызметте қолдану үшін» деген мөр басылған, яғни бұл құжат та құпия болып табылатын кодекстердің бірі болады.

Ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік құпиялар туралы институт бірінші ұлттық заң актісі ретінде 1993 жылы қабылданды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы» заң 1999 жылы «Мемлекеттік құпиялар туралы» жаңа заңның қабылдануына байланысты күшін жойды.

Сонымен бірге, 1993 жылы ТМД-ға кіретін мемлекеттер арасында ең бірінші рет «Мемлекетаралық құпиялардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы» келісім жасалды. Он жыл өткеннен кейін ТМД-ға қатысушы 6 мемлекетті біріктіретін Ұжымдық қауіпсіздік туралы Шартты ұйым (ҰҚШҰ) шеңберінде құпия ақпараттардың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімге қол қойылды. Бүгінгі таңда бірқатар мемлекет арасында құпия ақпаратты өзара қорғау туралы екі жақты келісімдер жасалған.

Кейіннен «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы №349-I заңы қабылданды. Осы заңның 1-бабына сәйкес, мемлекеттік құпиялар деп таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-іздестірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер. Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтердің құпиялылық үш дәрежесі және осы дәрежелерге сәйкес көрсетілген мәліметтердің көздеріне арналған: «аса маңызды», «өте құпия» және «құпия» деген құпиялылық белгімен белгіленеді.

Жалпы, қылмысты саралау қылмыстық құқық теориясында ең маңызды түсінік болып табылады. Бұл түсінік ғылым саласында да, тәжірибе тұрғысынан да кеңінен қолданылады. Саралау латын тілінен аударғанда, qualitas – сапа, сапалы деген мағынаны білдіреді. Дұрыс саралау заңдылықтың сақталуының қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде 1997 жылғы ескі Қылмыстық кодекстегі «мемлекеттің конституциялық құрылымы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар үшін» деген ұғым «мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы құқық бұзушылықтар» деген жаңа ұғыммен алмастырылған. Бұл тұрғыдағы қылмыстардың топтық объектісі мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне байланысты қоғамдық қатынастарды қорғауға бағытталады.

Ол тікелей объектісіне байланысты келесідей қылмыс тобына бөлінеді:

– Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар: мемлекеттік опасыздық (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 175-бабы), тыңшылық (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 176-бабы);

– Мемлекет құпияларын сақтауға қол сұғатын қылмыстар: мемлекеттік құпияларды заңсыз жинау, тарату, жария ету (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 185-бабы), мемлекеттік құпиясы бар мәлімет жеткізгіштерді жоғалту (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 186-бабы).

Мемлекетке опасыздық жасау дегеніміз – қарулы жанжал кезінде жау жағына өтіп кетуден, сондай-ақ, тыңшылық жасаудан, мемлекеттік құпияларды жатқа беруден не Қазақстан Республикасына қарсы дұшпандық әрекет жүргізуден, шетелдік мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе олардың өкілдеріне өзге де көмек көрсетуден көрінген, Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігі мен егемендігіне нұқсан келтіру немесе әлсірету мақсатында жасаған қасақана әрекет.

Мемлекетке опасыздықтың объективтік жағы Қылмыстық кодекстің 175-бабының диспозициясында көрсетілген. Мемлекетке опасыздықтың бір түрі – Қазақстан Республикасы азаматының тыңшылық жасауы болып табылады. Қылмыстық кодекстің 176-бабында тыңшылықтың түсінігі берілген. Бұл түсінік Қылмыстық кодекстің 175-бабындағы тыңшылық деген ұғыммен объектісі, объективтік жағы және субъективтік жағы бойынша ұқсас. Осы екі бапта көрсетілген ұғымның айырмашылығы тек қылмыстың субъектісінде ғана. Қылмыстық кодекстің 175-бабында тыңшылық субъектісі – Қазақстан Республикасының азаматы, ал 176-баптағы субъекті шетелдіктер, азаматтығы жоқтар немесе басқа мемлекеттің азаматтары болуы мүмкін.

Шет мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе солардың өкіліне мемлекеттік құпияларды беру дегеніміз – Қазақстан Республикасы азаматының мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді шет мемлекетке, шетелдік ұйымға немесе солардың өкілдеріне қасақана түрде хабарлауы болып табылады. Мемлекеттік құпияларды жатқа беру әр түрлі тәсілдермен – ауызша, жазбаша, схема түрінде, әр түрлі өнімдердің бейнелері арқылы жүзеге асуы мүмкін. Мемлекеттік құпияларды жатқа бергенде кінәлі адам қызметі немесе жұмысына байланысты өзі білетін мемлекеттік құпия мәліметтерді жатқа береді. Ал тыңшылықта мұндай мәліметтерді кінәлі адам жинайды, ұрлайды. Міне, осы белгі бойынша бұл ұғымдар бір-бірінен ажыратылады.

Қылмыстың субъектісі болып мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер өзіне сеніп тапсырылған немесе мұндай мәліметтер өзіне қызметі немесе жұмысы бойынша белгілі болған 16-ға толған адамдар танылады.

Мемлекеттік құпияны беруден мемлекетке опасыздық жасаудың айырмашылығы мемлекетке опасыздық жасау мәліметтерді беруден тұрады, яғни мемлекеттік құпияларды шет мемлекетке, халықаралық немесе шетелдік ұйымға не олардың өкілдеріне беру мақсатында жинау, сақтау және ұрлауды айтамыз.

Айкерім ТЕЛЕСБАЕВА,
Байзақ аудандық сотының судьясы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «Ростоши Агро» ЖШС, БСН 210340004610, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Сарытау трассасындағы 7-км көшесі, 15А құрылысы.

5. «Энергопроект-Високоградня» АҚ филиалы, БСН 070141010662 (ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-ықшамаудан, 39 ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-ықшамауданы, «Каскор-СМУ» ЖШМ УМ ғимараты. Тел.: 87011636307.

7. «ПромТехАгрегат» ЖШС, БСН 200640005330, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балхаш қаласы, 8-ықшамаудан, 67 үй. Тел.: 87073161326.

10. Бұланды ауданы білім бөлімінің «Боярка бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 021140002719, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020500, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7.

ӘРТҮРЛІ

2. Қарағанды облысы МАЭС-ның 2021 жылғы 3 қыркүйектегі ұйғарымымен «ТРАНСАГЕНТСТВО LTD» ЖШС-не, БСН 060540015254, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды. Мекенжайы: Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Бытовая көшесі, 21.

4. Біз осымен БСН 151240013289, «Ақ жол құрылыс ББ» ЖШС-гі және БСН 210540002969, «Хонорис трейд» ЖШС-гі, БСН 041040000485 «Ла-Ривьера» ЖШС-не бірігетіні туралы хабарлаймыз. Шағымдар Алматы қ., Барибаев көшесі, № 43/2 үй, № 29 пәтер, тел. +7 747 167 90 57 бойынша қабылданады.

6. «Заң газетінің» 2021 жылғы 7 қыркүйектегі №71 (3396) санындағы №5 хабарландыру мынадай мәтінде түзетіліп оқылсын: «Каз ТатВиндЭнерджи» ЖШС, БСН 150140021550, «MS Group 7» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 160640018917, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 15 үй, НП-20, тел.: 8(7172)303000, 87014344449.

11. Ақтөбе облысы МАЭС-ның 6.09.2021 ж. ұйғарымымен «Актобе Электросетьстрой» ЖШС-не, БСН 050840005137, оңалту рәсімі қолданылғаны туралы азаматтық іс қозғалды.

МҰРАГЕРЛІК

8. 09.04.2021 ж. қайтыс болған Ибрагимов Бахадыр Абдразыковичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 301 мекенжайы бойынша нотариус Т.Ө. Тілеповке келуі қажет. Тел.: 87016565788.

9. 17.04.2021 ж. қайтыс болған Мамадалиев Махсут Азатовичтің мүлкіне мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан қаласының нотариусы Б. Д. Дахановаға хабарласуды сұраймын, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 278 Б. Тел. 87014653617

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service»,
Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА),директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі,47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

ВИРТУАЛДЫ ҚАЗА

Кеше ғана, үйлену тойын күтіп жүрген бала жігіт тосын қазаға ұшырады. Мәйітін ағайын-жұрт жаңа көшіп, енді орныға бастаған, оқшау жатқан, оңаша үйінен таңертеңгілік мезгіл тауып алды. Бір апта бойы хабар-ошарсыз кеткен жас бауырын жамағайындары жан-жақтан топ құрып, белсене іздеуге кіріскені сол еді, суыт қаралы хабар келіп жетті. Бұ дүние қуанышын көрмеген, қызығын кешпеген қайран Нұрланды ешкім өлімге қиған жоқ, қашанда жайсаң, жайдарман жанды бәрі тегіс құрметтеуші еді. Көрші-қолаң пәтерлерін желдетіп өліктің жағымсыз иісіне шыдай алмай, есікті бұзамыз деп отыр екен. Ашып кіргенде, қолқаны қапқан тымырсық ауа лап етіп сыртқа төгілді. Бүкіл подъезді алып кетті. Сөйтіп, тар аула таң атпай мүңкіп қоя берді.

Өлік – тілгіленген, пышақ – диванда жатыр. Төңірек, бөлме іші – қызыл-ала қан, жанталасқан қарсылық ізі. Мүрденің бетін жауып қойыпты. Қашан, қай мезгілде пышақталғаны белгісіз, бірақ, жан беру оңай ма, көп қарсыласқаны көрініп тұр. Киімі жұлым-жұлым, қадаған түймелері үзілген, тергеу тобы суретке түсіріп жүр.

Өлтірген адам не көздеді екен? Жанына ең қатты батқан ет жақыны Құрманай. Уәде байласқан күні мерт болды. Бірін бірі қалтқысыз сүйді, шексіз жақсы көрді. Әрі араларында көлденең тұрған адам да болған жоқ. Мүмкін, келген екеу ме. Біреу өлтіруге жұмсады ма екен, әлде кек алды ма?

Ол Нұрлан жақтан ешкімді білмейді. Танымайды. Жетім бала. Туған-туысы жайлы тіс жарған емес. Әлде үйден бірдеңе әкетті ме? Ұрлыққа келмейді. Бар зат орнында. Әдетте, ұры шатаспайды, аңдып жүріп түседі. Сосын, қайта айналып соқпайды. Қалағанын алады, кісі өліміне бармайды, жақсы олжадан кейін бой тасалап бұғып жатады, әлденеше уақыт көлденең жұрт көзіне көрінбей кетеді. Елеусіздеу жүреді, күндердің күнінде қырағы назары тонауға қолайлы әрі қауіпсіз жерді таңдайды, шебер қолдар күллі құлыпты ашады, бүкіл қорғанды бұзады.

Үй астан-кестең. Біз болдық деп айғайлап тұр. Несіне қопарғаны беймәлім. Әйтеуір ештеңе алмаған. Дүние, қор жинайтындай мүмкіндігі болған жоқ, табысы шағын, сондықтан, ешқашан қаржы-қаражатын үнемдеген емес. Басында ата-анасынан қалған жұпыны пәтері бар-ды. Өлтірген адам пәтерге қызықты ма екен. Оның өзі айырбасталып кетті.

Ол сәкіде отыр. Естеліктер көп, ой да жағаласып қоймайды, тоқтар емес, ағыл-тегіл. Бірінің артынан бірі келеді. Қарызын қайтара алмай қалды ма екен? Оған ешкім көңіл айтпайды. Тіпті, назар аудармайды да. Құрманай – бұл үйге бөтен кісі. Оның әке-шешесі той қамымен жүгіріп жүр. Бақытты. Нұрлан да ұнады. Бекер сөз шығындамайды, бос сөз сөйлемейді, үнемі күліп тұрады, бейнетті көрген, мехнатты білген жас. Еңбекқор. Құрманай жарқын келешегіне, шат ғұмырына, жоспарына кәміл сенген. Қастерлі жан аяулы аруына ғашық, сүйген жар ердің еріне жақ. Бірақ, махаббат әні ерте үзілді.

Бір жыл өткен соң, біреуден тосын хат келе бастады. Бейтаныс құрбы алғашқыда есім-сойын жасырып біраз әуреледі. Кейін жұрт жоғалтып алған Құралай екенін айтты. Өлімнен қорқып сырт елде бой тасалап қашып жүргенін мойындады. Құралай салған беттен оның e-mail мекенжайын ешкімге айтпауын сұрады. Біз екеуміз қылмыскерді табамыз деп үміт білдіріпті. Жұрт мені де іздеп жатқан шығар.

Бір қызығы, хат поштаға жазылмаған, жай тіркелген екен. Демек, жіберуші адам мен жазушы адам екеуі екі бөлек, сірә. Құрманай екіұдай, Құралайдың виртуалды бейнесіне, түйдек-түйдек сөзіне сенерін, не сенбесін білмейді. Көсіліп жазады, көлгірсіп сөйлейді. Басында өмірдің мәні, ажалдың азабы туралы кесек-кесек трактаттар жазды, кейін етектей-етектей еңбектерге көшті. Бір хатында тақырыбын кеңейтіп, өзі жайлы еркін, терең қалам тартқан екен, өзін-өзі кінәлап біраз жерге барыпты. Көркем шығарма тәрізді ұзақ-ұзақ толғаныстар, ой-пайымдар, тұжырымдамалар келтіріпті. Ол да сүйді, бірақ, махаббат екеуіне бұйырмаған екен. Құрбысы шын сүйіспеншілік, адал махаббатқа тілеуқор.

«Бақытты бол. Тас түскен жеріне ауыр. Мойыма. Өмір алда. Кім өлмейді, байға да, кедейге де ұзындығы он табан, көлденеңі бес табан көр ғана бұйырады. Біткен байлық қалқиып соңында қалады. Бар дәулеті – қос құлаш торқа топырақ. Қамқа жапырақ. Еншісі – бір қабір. Екі қабір де емес, қазып жатқандардан екі қабір де сұрай алмайсың. Үш бөлмелі қабір, тіпті, жоқ. Жалпы, ғұмыр мағынасыз. Мән іздеп сандалғандар мәнсіз өмір сүргендерден артық емес».

Ол ойланып қалды. Көшеге шықты. Кері жауап жіберіп еді, мессендж қайтып келді. Телефонын өшіріп, қалтасына салып қойды. Бағдаршамның тура алдында төбеден темір қаңылтыр қиындысы құлап түсті. Бір қадам алға басқанда, маңдайын жаратын еді. Көше аралап қайтып келе жатып жаңағы қиылысқа жеткенде, ту сыртынан тағы бірдеңе тарс ете қалды. Шошып кетті. Біреу аңдып жүргендей көрінді. Хат келді. Бұл жолы хат Нұрланды кім өлтіргенін табамыз, алайда, оны ұстай алмаймыз, депті. Мені қайдан біледі, деп ойлады Құрманай. Әлде шын Құралай ма. Кілтипан сонда. Қайдан білетінін анықтасам, барлық сыр ашылады.

Тергеушілер ұзақ жоспарланған қылмыс деген қорытынды жасады. Ешқандай ілік жоқ. Өлтіргендер екеу ме, үшеу ме, анықтай алмады. Жалғыздың қолынан келмейді, десті, көп болса, із қалдырып кетеді, сондықтан, шағын топ. Күтеміз. Уақыт өте келе өздері-ақ көріне бастайды. Белгі береді. Сол кезде белгісін тани алсақ болғаны.

Іңірде тағы хат түсті. Бәріміз де өлеміз, депті. Құрманай енді байқады, хат бір тараптан ғана келеді, екінші тараптың хаттары қабылданбайды. Ол ғана сөйлейді. Қарсы жақ үнсіз. Тыңдауына болады, уәж айтуына рұқсат жоқ. Хаттар – ақылгөй. Әрі батагөй, дұға-тілегі таусылмайды, көп. Ол хат көлемі барған сайын ұлғая түсетінін аңғарды. Қордаланып-қордаланып томтом кітап болды. Жанры – автофикшн. Әрі, мазмұны қоюланып өзгеріп бара жатқандығы да байқалды. Құралай хаттары Нұрлан қазасын ұмыттырмай, үнемі еске салып тұрады. Не үшін жазылатыны түсінікті болды. Демек, Құрманайдың жаны ұзақ қиналсын деген теріс ниет, аярлық. Біреуге азап тілеген қатігездік. Хаттар енді ұсақ-түйек детальдарға ауыса бастапты. Жыл маусымына қарай сәнді киінетін еді, ол заман өтті. Қазір, негізінен, үйде, көзге түспеуге тырысады. Кінә басқада. Оның екі қолы таза, кісі өлтірген жоқ, қан жуктеген емес. Жұрт бекер айыптайды. Соңғы хат дерексіз келді. Тап-таза күйінде, аппақ қалпында. Нені білдіреді, түсініксіз. Пенде тағдыры тақта тәрізді дегені ме. Ескі пассаж. Көп қолданылған түйін. Сөйтіп, хаттар легі тоқтады. Бірақ, қылмыскердің аты аталған жоқ. Құрманай кім болды екен деп алаңдап жүрді. Менен өшін алған бір әйелдің ісі ме. Әлі азаптап келеді.

Соңғы хат қайта жазылып поштаға түскенде қатты қуанды. Хатты жазған мен, депті автор, Құралай.

« – Кешір, құрбым, мен де Нұрланды сүйдім. Бірақ, оны және өзімді өлтіруге тура келді. Екеуіннің бақытын менің қасіретіме айналар еді. Қайғыны қайғы, қасіретті қасірет қана баса алады. Саған келіп жатқан хаттар алдын ала қағазға түсірілген, дәлірек, компьютерге терілген дүние, қазаға ұшырамай тұрып, өзіме-өзім қол жұмсаудан бұрын, мұқият дайындалған жазбалар, бір адам оны бөліп-бөліп жіберіп отыруы тиіс еді: ақшасы төленген.

Сенің компьютерден үшбу хаттарды үңіліп тізіп оқып отырғаның – менің баяғыда өлгенімді білдіреді. Хат – ажалымның белгісі. Қазам жайлы суық хабардың жаршысы. Оны сен аңдай алдың ба, жоқ па, білмедім. Мен тіріде бұл хаттар қолыңа тимес еді. Өйткені, аманат бойынша, жүз месседж – мен өзімді-өзім өлтірген соң – ертеңіне бір-бірлеп саған жіберіле бастайды. Күніне, маңыздылығына қарай, екі-үшеуі тапсырмада көрсетілген мекенжайға аттандырылады. Тағы бір топ жұмысты мұқият қарап, тексеріп, қадағалап отырады: ақшасы төленген.

Құрманай жылап отыр. Неге? Неге?

Хат жіберуші тапсырма бойынша түнгі сағат он екіде он екінші құрылыстың жанынан өтеді, тура сол кезде төбесінен он екі кірпіш құлайды, оны лақтыратын он екі адам, көрмей, білмей, қабырғадан асыра тастайды: ақшасы төленген.

Мен жоқпын, бірақ ақша жұмысын тоқтатқан емес, ақша адам өлген соң да қызметін жалғастыра береді. Ақысы төленген тапсырма аялдамайды, кестесіне сай орындалады. Тегі, ақшада ажал жоқ. Мәңгілік өмір сүреді. Бағасы бардың құндылығы бола ма. Құндылықтың бағасы өлшеусіз, өлшенбейді.

Құрметпен Құралай.

P.S. *Сонымен, Нұрланды мен пышақтадым. Екі қолымда екі өткір пышақ, қуып жүріп сойдым. Жүзі денесіне тигенде таспадай тілініп түседі. Жақсы көретін адамыңның өмірін, тағдырын билеген ғажап екен, соза түскім келді, ол жалбарынып алдыма құлады, кешірім сұрады, үйленуге дайын екендігін айтты, тыңдамадым, өйткені жалған дүниеде қорыққан адамдай екіжүзді пенде жоқ, ал, әлемде қорқыныштан асқан опасыздық бар ма?*

Хаттар легі кезек-кезек мүдірмей кетіп жатқанын мұқият тексерген соң, поштасын жауып, компьютерін сөндіріп, орнынан көтерілген Құрманайды бөлмеге атылып кірген төрт адам тұтқындады. Екі қолына кісен салды. Құрманай жылаған жоқ, ұстағандарға үнсіз бағына берді.

Сот мәжілісінде, Құрманайдың сөзі қысқа болды: Құралайды Нұрланға бара жатқанда, орман ішінде, Нұрланды үйінде, Құралайды күтіп отырғанда өлтірдім. Болды. Қара жамылған хаттар Құрманайды құтқара алған жоқ. Хат жіберуші құрылыс нысанына баруға секемденді. Әрі қасынан серуендеп өтудің еш қисынын таппады. Құрылыс бар жерде қашанда төбеден кірпіш құлайды. Ол басқа маршрутты таңдап алды. Бәрібір, еңбексіз тапқан ақша жоғалса, ешкім іздемейді, себебі, артында күмәнді тарихы бар. Барымен – базар, пәлеге ұрынып қайтеді. Пәле деген өзі аяқ астынан.

Дидар АМАНТАЙ

ПӘРМЕН

ДІНИ КІТАП САТУ ҮШІН РҰҚСАТ ҚАЖЕТ

Әйтеке би ауданының тұрғыны Olx.kz сайтында «Пайғамбарлар қиссасы» (электрондық кітабы), «Ең бақытты әйел» атты діни кітаптарды сататыны жөнінде хабарландыру берген. Мұндай әрекетті интернетке мониторинг жүргізу барысында Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері анықтады. Діни мазмұндағы кітап сатушыға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 490-бабының 1-бөлігі («Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды таратуда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды бұзу») бойынша айып тағылды. Сот шешімімен келіншек кінәлі деп танылып, оған 50 АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл тағайындалды.

Діни әдебиеттерді тарату үшін мемлекеттік қызмет көрсету арқылы жергілікті атқарушы органдардан тиісті рұқсат алу қажет. Бұл факті бойынша алынған діни әдебиеттер дінтану сараптамасынан өтіп, дінге тиесілілігі анықталды. Осыған байланысты азаматшаға діни әдебиеттерді таратуға тыйым салынды, – дейді облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Ерболат Сарқұлов.

Полиция қызметкерлері діни әдебиеттерді заңсыз сату фактілерін анықтау мақсатында әлеуметтік желілер мен интернет-сауда алаңдарына мониторинг жүргізуді жалғастыруда. Заң бойынша, діни кітаптарды заңсыз сатқаны үшін жеке тұлғаларға – 50 АЕК және заңды тұлғаларға – 200 АЕК көлеміндегі айыппұл қарастырылған.

Сонымен бірге, Ақтөбе қаласында ұзақ уақыт бойы есірткі сатумен айналысқан ер адам ұсталды. Ол теріс ағымның өкілі болып шықты.

Ер адам өз үйінде аса ірі мөлшерде «марихуана» және «гашиш» секілді есірткі заттарын сіріңке қорабына салып, жеке тұтынушыларға заңсыз сатқан. Тергеу органдары есірткі диллеріне Қылмыстық кодекстің 297-бабының 3-бөлігі «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» бабы бойынша айып тақты. Сот үкімімен Ақтөбе қаласының тұрғыны 12 жылға бас бостандығынан айырылды.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №131 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31